

ӘОЖ 547-3
544.01

Қолжазба құқығында

БАТТАЛОВА АЙНУР КУМАРБЕКОВНА

**Ауылшаруашылық қалдығынан алынған целлюлоза негізінде
гидрогельдік материалдар әзірлеу**

8D05302 – Химия

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
химия кафедрасының
профессоры, т.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор,
Қабдрахманова С.Қ.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD, профессор Сабу Томас
Коттаям, Керала, Үндістан-
686560

Қазақстан Республикасы
Өскемен, 2025ж.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

1 АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ҚАЛДЫҚТАРЫНАН МИКРОКРИСТАЛДЫ ЦЕЛЛЮЛОЗА АЛУ

- 1.1 Целлюлоза алуда қолданылатын шикізат көздері және олардың химиялық құрамы мен қасиеттері
- 1.2 Ауылшаруашылық қалдықтарынан микрокристалды целлюлоза алу әдістері
- 1.3 Микрокристалды целлюлозадан нанокристалды және наноталшықты целлюлоза алу әдістері
- 1.4 Бірінші бөлім бойынша қорытынды

2 ТАБИҒИ ПОЛИМЕРЛЕР НЕГІЗІНДЕ ГИДРОГЕЛЬДЕР СИНТЕЗДЕУ

- 2.1 Микрокристалды целлюлоза негізіндегі гидрогельдер алу әдістері және олардың сипаттамасы
- 2.2 Нанокристалды және наноталшықты целлюлоза негізіндегі гидрогельдер алу әдістері
- 2.3 Табиғи полимер негізіндегі гидрогельдер синтездеуде тігуші агенттің рөлі
- 2.4 Екінші бөлім бойынша қорытынды

3 МИКРО- ЖӘНЕ НАНО ЦЕЛЛЮЛОЗА НЕГІЗІНДЕГІ ГИДРОГЕЛЬДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

- 3.1 Ауылшаруашылығына арналған гидрогельдер
- 3.2 Ауыр металл иондарын сорбциялауға қабілетті гидрогельдер
- 3.3 Дәрілік заттарды адрестік жеткізуге арналған гидрогельдер
- 3.4 Үшінші бөлім бойынша қорытынды

4 ТӘЖІРИБЕЛІК БӨЛІМ

- 4.1 Қолданылған материалдар
- 4.2 Қолданылған әдістер
 - 4.2.1 Ауылшаруашылық қалдық шикізаттарын синтезге дайындау
 - 4.2.2 Делигнификациялаушы агент алу
 - 4.2.2.1 Делигнификациялаушы агенттің концентрациясын анықтау
 - 4.2.3 Микрокристалды целлюлоза (МСС), целлюлоза наноталшығы (CNF) мен нанокристалын (CNC) алу және шығымын есептеу
 - 4.2.4 МСС-ның сапа көрсеткіштерін анықтау
 - 4.2.4.1 МСС ылғалдылығын анықтау
 - 4.2.4.2 МСС құрамындағы α -целлюлоза мөлшерін анықтау
 - 4.2.4.3 МСС құрамындағы қалдық лигнинмөлшерін анықтау
 - 4.2.4.4 МСС құрамындағы гемицеллюлоза мөлшерін анықтау
 - 4.2.4.5 МСС күлділігін анықтау
 - 4.2.5 МСС, CNF және CNC негізінде гидрогельдер синтездеу
 - 4.2.6 МСС, CNF және CNC негізіндегі гидрогельдердің кинетикалық сипаттамасы

- 4.2.6.1 МСС, CNF және CNC негізіндегі гидрогельдің суда ісіну кинетикасы мен дәрежесін анықтау
- 4.2.6.2 МСС, CNF және CNC негізіндегі гидрогельдің ісіну-жиырылу кинетикасына рН ортаның әсерін анықтау
- 4.2.6.3 МСС, CNF және CNC негізіндегі гидрогельдің ісіну-жиырылу кинетикасына иондық күштің әсері
- 4.2.6.4 МСС, CNF және CNC негізіндегі гидрогельдің ісіну-жиырылу кинетикасына органикалық еріткіштердің әсерін анықтау
- 4.2.7 МССHG₁₀ гидрогельдің топырақтағы ылғалды ұстау мүмкіншілігі мен биоыдырау қасиеті
- 4.2.8 HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогельдерінің Cu²⁺ ионын сорбциялау мүмкіншілігі
- 4.2.9 Зерттеу барысында қолданылған физико-химиялық әдістер сипаттамасы
- 4.2.9.1 Рентгенофлуоресцентті (РФ)спектроскопия әдісі
- 4.2.9.2 Инфрақызыл (ИК)спектроскопия әдісі
- 4.2.9.3 X-рау дифрактометрлік талдау әдісі
- 4.2.9.4 Текстуралық талдау әдісі
- 4.2.9.5 Сканерлеуші электронды микроскопия (СЭМ) әдісі
- 4.2.9.6 Трансмиссиялық электронды микроскоп (ТЭМ) әдісі
- 4.2.9.7 Термогравиметриялық (ТГА) талдау әдісі
- 4.2.9.8 Наноцеллюлозаның орташа бөлшек өлшемдері мен Zeta потенциалдары
- 4.2.9.9 Ультракүлгін (УК) спектроскопия әдісі
- 4.2.9.10 Индуктивті байланысқан плазмалық масс-спектроскопия (ICP-MSA) әдісі

5 АЛЫНҒАН НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

- 5.1 Шикізаттың химиялық құрамы
- 5.2 МСС-ның сапа көрсеткіштері
- 5.3 МСС-ның физико-химиялық қасиеттері
- 5.3.1 ИҚ-спектроскопиялық талдау
- 5.3.2 СЭМ талдау
- 5.3.3 X-рау дифрактометрлік талдау
- 5.3.4 ТГА талдау
- 5.4 Бөлім бойынша қорытынды
- 5.5 МСChydrogel негізінде алынған гидрогельдердің кинетикалық сипаттамасы
- 5.5.1 МСChydrogel негізіндегі гидрогельдердің суда ісіну кинетикасы мен дәрежесі
- 5.5.2 МСChydrogel негізіндегі гидрогельдердің ісіну-жиырылу кинетикасына рН ортаның әсері
- 5.5.3 МСChydrogel негізіндегі гидрогельдердің ісіну-жиырылу кинетикасына иондық күштің әсері

- 5.5.4 MCCHydrogel негізіндегі гидрогельдердің ісіну-жиырылу кинетикасына органикалық еріткіштің әсері
- 5.6 MCCHydrogel негізіндегі гидрогельдердің физико-химиялық қасиеттері
 - 5.6.1 Текстуралық талдау әдісі
 - 5.6.2 СЭМ талдау
 - 5.6.3 ИҚ-спектроскопиялық талдау
 - 5.6.4 X-рау дифрактометрлік талдау
 - 5.6.5 ТГА талдау
- 5.7 MCCHG₁₀ гидрогелдің топырақтағы ылғалды ұстау мүмкіншілігі мен биоыдырау қасиеті
- 5.8 Бөлім бойынша қорытынды
- 5.9 CNF-ның физико-химиялық қасиеттері
 - 5.9.1 CNF алудағы шикізат:FA г/мл тиімді гидролиздеу қатынасын, орташа бөлшек өлшемдерін және дисперстілігін анықтау
 - 5.9.2 УК-спектроскопиялық талдау
 - 5.9.3 ИҚ-спектроскопиялық талдау
 - 5.9.4 X-рау дифрактометрлік талдау
 - 5.9.5 СЭМ талдау
 - 5.9.6 ТЭМ талдау
 - 5.9.7 ТГА талдау
- 5.10 Бөлім бойынша қорытынды
- 5.11 CNC-ның физико-химиялық қасиеттері
 - 5.11.1 CNC орташа бөлшек өлшемдерін және дисперстілігін анықтау
 - 5.11.2 ИҚ-спектроскопиялық талдау
 - 5.11.3 X-рау дифрактометрлік талдау
 - 5.11.4 СЭМ талдау
 - 5.11.5 ТГА талдау
- 5.12 Бөлім бойынша қорытынды
- 5.13 HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогелінің кинетикалық сипаттамасы
 - 5.13.1 HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогелінің суда ісіну кинетикасы мен дәрежесі
 - 5.13.2 HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогелінің ісіну-жиырылу кинетикасына рН ортаның әсері
 - 5.13.3 HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогелінің ісіну-жиырылу кинетикасына иондық күштің әсері
 - 5.13.4 HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогелінің ісіну-жиырылу кинетикасына органикалық еріткіштің әсері
- 5.14 HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогелінің физико-химиялық қасиеттері
 - 5.14.1 СЭМ талдау
 - 5.14.2 ИҚ-спектроскопиялық талдау
 - 5.14.3 X-рау дифрактометрлік талдау

- 5.14.5 ТГА талдау
- 5.15 HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогелінің Cu^{2+} ионын сорбциялау мүмкіншілігі
- 5.16 Бөлім бойынша қорытынды

ҚОРЫТЫНДЫ

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ КӨЗДЕРІ

ҚОСЫМША – енгізу актісі

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыста стандартқа сәйкес келесі сілтемелер қолданылған:

ASTM D 1348-94 (2008)	Целлюлозаның ылғалдылығын анықтау
ASTM D 588 (2000)	α -целлюлозаның мөлшерін анықтау
МемСТ 18461-93	Күлділікті анықтау
МемСТ 7.32-2001	Кітапханалық және баспа ісінің ақпараттық стандарттар жүйесі. Ғылыми-зерттеу жұмысының есебі. Рәсімдеудің құрылымы мен ережелері.
ISO/DIS 21436	Қалдық лигнинді анықтау
ASTM D 5896-96 (2019) e1	Гемицеллюлозаның мөлшерін анықтау
МемСТ 8.417-81	Өлшемдердің бірлігін қамтамасыз ететін мемлекеттік жүйе. Физикалық өлшемдердің бірліктері.
МемСТ 8.315-97	Өлшемдердің бірлігін қамтамасыз ететін мемлекеттік жүйе. Заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандартты үлгілері. Негізгі ережелер.
МемСТ 8.563-2009	Өлшемдердің бірлігін қамтамасыз ететін мемлекеттік жүйе. Өлшеу әдістемелері.
ҚР СТ ИСО/МЭК 17025-2007	Өлшемдердің бірлігін қамтамасыз ететін мемлекеттік жүйе. Сынақ және калибрлік зертханалар бірліктерінің жалпы талаптары.
МемСТ 29252-91	Зертханалық шыны ыдыс және жабдықтар. Бюреткалар. Жалпы талаптар.
МемСТ 12.1.2008-77	Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Жалпы талаптар. Техникалық шарттар.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

SFH	- Күнбағыс тұқымы қауызы
RH	- Күріш қауызы
B-SFH	- «Belosnezhka» күнбағыс тұқымы сорты
A-SFH	- «Altai» күнбағыс тұқымы сорты
B-RH	- «Bakanas» күріш тұқымы қауызы
K-RH	- «Kyzylorda» күріш тұқымы қауызы
MCC _{B-SFH}	- B-SFH-тен алынған микрокристалды целлюлоза
MCC _{A-SFH}	- A-SFH-тен алынған микрокристалды целлюлоза
MCC _{B-RH}	- B-RH-тен алынған микрокристалды целлюлоза
MCC _{K-RH}	- K-RH-тен алынған микрокристалды целлюлоза
ПСҚ	- Перокси сірке қышқылы
MCC	- Микрокристалды целлюлоза
CNF	- Целлюлоза наноталшығы
CNC	- Целлюлоза нанокристалы
AAm	- Акриламид
MBA	- Метиленбисакриламид
APS	- Аммоний персульфаты
MCCHydrogel	- MCC негізіндегі гидрогель
MCCHG ₁₀	- Тігуші агенті 10 мг болатын MCC негізіндегі гидрогель
HG _{CNF}	- CNF негізіндегі гидрогель
HG _{CNC}	- CNC негізіндегі гидрогель
ИҚ-спектр	- Инфрақызылспектр
УК-спектр	- Ультра күлгін спектр
СЭМ	- Сканерлеуші электронды микроскоп
ТЭМ	- Трансмиссиялық электронды микроскоп
ТГА	- Термогравиметриялық анализ
ICP-MS	- Индуктивті байланысқан плазмалық масс-спектрометр

КІРІСПЕ

Тақырыптың өзектілігі. Соңғы уақытта климаттық өзгерістердің әсерінен ғаламдық жылыну орын алып, су тапшылығы әлем бойынша ауылшаруашылық саласына үлкен проблема тудырып отыр. Антропогендік және климаттық өзгерістер сияқты әр түрлі факторлардан туындайтын құрғақшылықтың әсерінен жер қабатының деградацияға ұшырау қаупі де жоқ емес. Бұл мәселе Қазақстан Республикасына да тән. Қазақстанда ауылшаруашылығы мақсатында қолданылатын жерлердің ішінде суармалы алқаптардың үлесі 0,7%-ды ғана құрайды [1]. Бұл агроиндустрия саласының құрғақшылық мәселесімен күресуде жаңа стратегия әзірлеу өте маңызды екендігін білдіреді. Сонымен қатар, бұл мәселе өз кезегінде отандық ғалымдардың құрғақшылықты жойып, ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыру мақсатында инновациялық материалдар әзірлеу бағыты бойынша терең зерттеулер жүргізу қажеттігін көрсетеді.

Соңғы бірнеше онжылдықтағы зерттеу нәтижелері топырақтың шөлейттенуі, эрозиясы мен физико-химиялық қасиеттерін жақсартуда полимер негізіндегі гидрогельдік материалдарды қолданудың маңызы зор екендігін айқындады [2]. Алайда, топырақ экологиясын жақсарту бағытында жүргізілген зерттеу жұмыстарының көпшілігінде синтетикалық полимерлерден алынған суперабсорбенттер қолданылған. Синтетикалық полимерден алынған гидрогельдер топырақ түйіршіктерінің бірігіп қатаюуына және сортаңдануына, ауа өткізгіштігінің нашарлауына, сонымен қатар, өсімдік тамырларының жетілуі мен қоректік заттарды қабылдауына, топырақ микрофлорасына кері әсерін тигізетіндігі және микропластикпен ластану деңгейінің артуына әкелетіндігі белгілі.

Бүгінгі таңдағы тағы бір өзекті мәселе – ол күн санап өсіп келе жатқан өнеркәсіптік белсенділіктің әлемдік суды тұтынудың шамамен 20%-ына ие бола отырып, су жүйелерін әртүрлі токсикологиялық заттармен ластауы болып отыр. Бұл – экожүйеге орны толмас зиян келтіріп, ауыз суға қолжетімділіктің төмендеуіне әкеледі. Ауыр металдан тұратын ластаушы заттар қалдық су арқылы қоршаған ортаға үздіксіз таралады [3]. Қалдық суда ауыр металл иондарының болуы олардың қоршаған ортаға және экологиялық циклдерге еніп, жануарлар, микроорганизмдер және өсімдіктер бойына таралуына әкеледі.

Дүние жүзінде халық санының күрт өсуі – адам популяциясын азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында ауылшаруашылық шикізаты өндірісінің артуына әкеліп отыр. Сәйкесінше, жылына ауылшаруашылық саласынан бірнеше миллион тонна қалдық түзіледі. Көп жағдайда оны баламалы шикізат ретінде толыққанды екіншілік пайдалану жолға қойылмаған, негізінен агроқалдық энергия көзі ретінде биоотын алуға пайдаланылады.

Осы орайда жыл сайын 75 миллион тоннадан астам целлюлозалық талшық алынса [4], оның басым бөлігі орман ағаштарын пайдалану арқылы жүзеге асырылатындығын атап өткен дұрыс. Құрамы целлюлоза, гемицеллюлоза және лигнин сияқты лигноцеллюлозалық материалдарға өте

бай ауылшаруашылық қалдықтарын кәделі жүзеге асырып, қайта жаңартылатын биоресурс ретінде жасыл химия қағидасы негізінде тиімді өңдеу технологиясын әзірлеу мен құнды материалдар алу - тұрақты даму мақсатына жетудің негізгі жолы болып отыр.

Целлюлозаның механикалық беріктікті жақсарту, гель түзу, ылғалды ұстау, сорбциялау, жылу өткізгіштік, төмен уыттылық, меншікті бетінің жоғары болуы сияқты бірегей қасиеттері, одан әртүрлі биокөпозиттік материалдар алу мүмкіншілігін арттырады [5]. Соның ішінде целлюлоза және оның туындылары негізінде ылғалды сіңіру сыйымдылығы үлкен, биологиялық ыдырауға бейім, әрі ауыр металл иондарын сорбциялауға қабілетті гидрогельдік материалдарды синтездеу, оны ауылшаруашылық, медицинада, фармацевтика салаларында қолдану аясын арттырады.

Ауылшаруашылық қалдықтарынан целлюлозалық материалдар алу бойынша біршама зерттеулер бар. Алайда, Қазақстан аумағында өсетін ауылшаруашылық дақылдары, атап айтқанда, күнбағыс, күріш, бидай сабаны мен қауызы, жүгері жапырағы мен сабаны, соя, мақта өндірісінің қалдықтары сияқты шикізат көзінен микрокристалдық целлюлоза (МСС) алу әдістемесін оңтайландыру, МСС-дан нанокристалды және наноталшықты целлюлоза синтездеу, одан көпозиттік материалдар алу бойынша зерттеу жұмыстары әлі де аз болып отыр. Соның ішінде, күнбағыс тұқымы қауызын (SFH) қайта өңдеу арқылы наноцеллюлозалық материалдар алу бойынша зерттеулер жоқтың қасы десе де болады. Әдеби шолу барысында SFH-тен наноцеллюлоза алу бойынша санаулы ғана зерттеу жұмыстары жүргізілгені анықталды. Зерттеу барысында Қытай ғалымдары SFH-ті алдын-ала сілтілік жолмен өңдеп, натрий гипохлоритімен ағарту арқылы алынған МСС-дан күкірт қышқылдық гидролиз әдісімен CNC алуды зерттеген. Марокко ғалымдары SFH-ті алдын-ала сілтілік жолмен өңдеп, буферлі ацетат (NaOH және мұзды сірке қышқылы) және натрий хлоритімен ағарту арқылы алынған МСС-дан күкірт қышқылдық гидролиз әдісімен CNC алған. Ал, CNF алуда шикізат көзі ретінде күнбағыс тұқымы қауызын қолдану бойынша жасалған зерттеу жұмыстары табылған жоқ.

Осы уақытқа дейін целлюлоза алуда экологиялық және экономикалық тұрғыдан тиімсіз болып келген дәстүрлі сілтілік-қышқылдық өңдеу әдістері қолданылып келеді. Бұл өз кезегінде балама, әрі экологиялық қауіпсіз әдістерді іздестіру қажеттілігін тудырып отыр. Осы бағыт бойынша соңғы уақытта зерттеушілердің назары «жасыл» әдіске жақын органосольвенттік делигнификациялау әдісіне ауып отыр. Бұл әдіс – биомассадан целлюлоза алуда тиімділігі жоғары және экологиялық қауіпсіздігімен ерекшеленеді. Негізгі артықшылықтарының бірі – қолданылатын еріткіштер мен реагенттерді бірнеше мәрте қайталап қолдану мүмкіншілігі [6]. Мұндай қайталама қолдану циклі өндіріс процесінің экономикалық тиімділігін арттырып қана қоймай, қоршаған ортаға түсетін жүктемені де едәуір төмендетуге мүмкіндік береді.

Әсіресе, пероксисірке қышқылын негізге алған органосольвенттік тотықтыру әдісі целлюлозалық материалдар алуда аса перспективалы болып

саналады. Пероксисірке қышқылы бұл процесте бір мезетте тотықтырғыш және еріткіш қызметін атқарады. Ол өсімдік биомассасының құрамындағы лигниннің фенилпропан құрылымына электрофильді шабуыл жасау арқылы конденсация процесін қоздырып, лигниннің ыдырауын қамтамасыз етеді. Осылайша, целлюлоза құрамындағы қалдық лигнин мөлшерін барынша азайтып, жоғары сапалық көрсеткіштерге ие целлюлоза алуға мүмкіндік береді. Алайда, осы уақытқа дейін пероксисірке қышқылын алу үшін мұздатылған сірке қышқылы қолданылып отыр. Сірке қышқылы концентрациясын біршама төмендету [7] зерттеуде жүзеге асып, экология және экономика жағынан тиімді «жұмсақ» әдіс әзірленген. Дегенмен, бұл әдісті әлі де жетілдіру, яғни делигнификациялаушы пероксисірке қышқылының шикізатқа қатысты көлемін целлюлоза шығымына әсерін тигізбейтін төмендету әлі де өзекті болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты. Ауылшаруашылық қалдығынан алынған целлюлозадан гидрогельдік материалдар әзірлеу, олардың физико-химиялық қасиеттерін зерттеу және қолдану аясын анықтау.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер жүзеге асты:

1. Қазақстан Республикасы аумағында өсетін күнбағыс (*Helianthus annuus* L) тұқымы қауызы (SFH) мен күріш (*Oryza*) қауызынан (RH) органосольвенттік тотықтырудың «жұмсақ» әдісін жетілдіру арқылы микрокристалды целлюлоза (MCC) алу, оның сапалық көрсеткіштері мен физико-химиялық қасиеттерін зерттеу;

2. MCC және суда ерігіш полимер (AAm) негізінде гидрогельдер (MCChydrogel) алу, оның физико-химиялық және кинетикалық қасиеттерін анықтау;

3. MCChydrogel-дің топырақтағы ылғалды ұстау мен биоыдырау мүмкіншілігін зерттеу;

4. MCC-дан наноталшықты (CNF) және нанокристалды (CNC) целлюлоза алу және олардың физико-химиялық қасиеттерін зерттеу;

5. CNF, CNC және суда ерігіш полимер (AAm) негізінде алынған гидрогельдердің Cu^{2+} ионын сорбциялау мүмкіншілігін анықтау.

Зерттеу нысаны: Ауылшаруашылық қалдығы болып табылатын күнбағыс тұқымы (SFH) және күріш қауызы (RH) шикізаттарынан алынған микрокристалды және наноцеллюлоза негізіндегі гидрогельдік материалдар мен олардың сорбциялық қасиеті.

Зерттеудің ғылыми-техникалық деңгейі және ғылыми-зерттеу жұмысының метрологиялық қамтамасыз етілуі.

Ғылыми-зерттеу жұмысы барысында классикалық және заманауи физико-химиялық зерттеу әдістері қолданылды. Жетілдірілген «жұмсақ» органосольвенттік әдіспен алынған MCC және одан синтезделген CNF, CNC-тың сапа көрсеткіштері, бөлшек өлшемі, заряды, оптикалық жұтылуы, химиялық құрылымы, кристалдық құрылысы, беттік морфологиясы және термиялық тұрақтылығы физико-химиялық талдау әдістерін қолдана отырып, Махатма Ганди университетінің Халықаралық және университетаралық наноғылым және нанотехнология орталығында (Үндістан-686560, Керала,

Коттаям), Назарбаев университеті, Қ.И. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті инженерлік бейінді зертханасы және С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті ұжымдық қолданыстағы Ұлттық ғылыми зертханасында жүргізілді.

Жетілдірілген «жұмсақ» органосольвенттік әдіспен алынған МСС-ның сапа көрсеткіштері, атап айтқанда ылғалдылығы ASTM D1348-94(2008), α -целлюлоза мөлшері ASTM D1103-60(1977), қалдық лигнин ISO/DIS 21436 және геммицеллюлоза мөлшері сәйкесінше ASTM D5896 және ASTM 96(2019)e1 бойынша анықталды. МСС-ның күлділігі (SiO_2) муфель пешінде (SNOL8.2/1100 L Lithuania) күйдіріліп, күлдің (SiO_2) массасы аналитикалық таразыда (SARTOGOSM LV 210-A Russian) өлшеу арқылы зерттелді. Микро және наноцеллюлозаның бөлшек өлшемі мен дзета-потенциалы Zetasizer NanoZS 90 (Malvern, UK) анықталды. Алынған МСС мен наноцеллюлозаның физико-химиялық қасиеттері, атап айтқанда: оптикалық жұтылуы УК-спектрофотометрінде (PE-5400UV, Russian), химиялық құрылымы ИҚ-спектрометрінде (FTIR FT-801 Simex, Russian), кристалдық құрылысы рентгендік диффрактометрде (X'PertPRO Malvern Panalytical Empyrean, Нидерланд), беттік морфологиясы сканерлеуші электрондық микроскопта (Quanta 200i 3D FEITM, Нидерланд) және термиялық тұрақтылығы дифференциалды термогравиметриялық анализаторда (LabSysevo Setaram, France) зерттелді.

Алынған тәжірибелік нәтижелердің ғылыми жаңалығы

1 Ауылшаруашылық қалдығы болып табылатын күнбағыс (SFH) және күріш (RH) қауызынан МСС алудың «жұмсақ» органосольвенттік әдісі делигнификациялаушы агент – сірке қышқылының концентрациясын төмендету арқылы жетілдірілді және МСС-дің сапалық көрсеткішіне шикізаттың сорттық ерекшелігі мен шикізат өсірілген аймақтың әсері салыстырмалы түрде анықталды.

2 SFH және RH қауызынан МСС-ны сірке қышқылының концентрациясын 52%-дан 44%-ға төмендете отырып, жетілдірілген «жұмсақ» органосольвенттік әдіспен алу барысында тиімді гидромодуль SFH және RH үшін сәйкесінше 1:12 және 1:10 г/мл болатындығы анықталды.

3 SFH-тен алынған МСС және акриламид (AAm) мономерінің 1:1 қатынасында, әр түрлі тігуші агенттің көмегімен гидрогельдер синтезделіп, ондағы тігуші агенттің 10мг мөлшерінде MCChydrogel-дің суда ісіну дәрежесі 1176%-ды құрап, суды сорбциялаудың ең жоғарғы мәніне ие болатындығы белгілі болды. MCChydrogel 5 күн ішінде топырақ бойындағы суға қанығып, 35 күнде сорбцияланған суды қайтадан топыраққа жібере отырып, коллапсқа ұшырайтындығы және 77 күнде гель өз көлемінің 66% жоғалта отырып, биологиялық ыдырауға ұшырайтындығы зерттелді.

4 SFH-тен алынған МСС-дан құмырсқа қышқылдық (FA) гидролиздеу әдісі арқылы целлюлоза наноталшығы синтезделіп, МСС:FA үшін тиімді гидромодуль сәйкесінше 1:20 г/мл болатындығы анықталды. CNF-ның шығымы 71,09%, Zeta-потенциалының мәні -15,8 мВ-ке тең болатын CNF негізінде гидрогелдік сорбент синтезделіп, оның Cu^{2+} ионын

сорбциялау мүмкіншілігі зерттелді. Нәтижесінде HG_{CNF} гидрогелімыстың модельді ерітіндісінен 48,4% Cu^{2+} ионын сорбциялайтындығы белгілі болды.

5 Күкірт қышқылдық гидролиздеу әдісі арқылы МСС-дан алынған CNC негізінде синтезделген HG_{CNC} гидрогелдік сорбенттің мыстың модельді ерітіндісінен 51,5% Cu^{2+} ионын сорбциялайтындығы анықталды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

1. SFH және RH қауызынан МСС-ны «жұмсақ» органосольвенттік әдіспен алуда қолданылатын сірке қышқылының концентрациясын 52%-дан 44%-ға дейін төмендету арқылы жетілдіру – шикізат:пероксисірке қышқылының тиімді гидромодулін сәйкесінше SFH және RH үшін 1:12 және 1:10 г/мл-ге дейін төмендетеді. Майлылығы жоғары, атап айтқанда 52-54% болатын *Altai* SFH сортына қарағанда, майлылығы төмен, яғни 33,7% болатын *Belosnezhka* сортының МСС шығымы $50,69 \pm 2\%$ болып, сәйкесінше α -целлюлоза мөлшері де жоғары (67,53%) болады. Сонымен қатар, майлылығы жоғары SFH сортынан МСС алу үшін салыстырмалы түрде оптималды гидромодуль саны 2 мл артық жұмсалады. Яғни, целлюлоза алу үшін SFH-тің майлылығы төмен сорты тиімді шикізат болады. Алматы облысында (Бақанас елді-мекені) өсірілетін күріш қауызынан (RH) алынатын МСС-мен салыстырғанда $\text{MCC}_{\text{K-RH}}$, яғни, Қызылорда күріші қауызынан алынатын МСС шығымы 7,58%-ға артық болады және гидромодуль саны 1:10 г/мл-ге тең.

2. «Жұмсақ» органосольвенттік әдісті жетілдіру арқылы SFH-тен алынған МСС және акриламид (AAm) мономерінің 1:1 массалық қатынасында, 10, 15 және 20 мг болатын тігуші агенттің көмегімен синтезделген гидрогель ішінен суда ісіну дәрежесі - 1176% және механикалық беріктілігі 27МПа болатын МВА мәні 10 мг-ға тең MCCHG_{10} гидрогелі тиімді болады. MCCHG_{10} гидрогелі 5 күн ішінде модельді топырақ бойындағы суға қанығып, 35 күнде сорбцияланған суды қайтадан топыраққа жібере отырып, коллапсқа ұшырайды және 77 күнде өз көлемінің 66% жоғалта отырып, биологиялық ыдырауға ұшырайды.

3. «Жұмсақ» органосольвенттік әдісті жетілдіру арқылы SFH-тен алынған МСС-ны құмырсқа қышқылдық (FA) гидролиздеу арқылы целлюлоза наноталшығын (CNF) алуға қажетті МСС:FA тиімді гидромодулі 1:20 г/мл тең, сәйкесінше, CNF шығымы 71,09%, zeta-потенциалының мәні – 15,8 мВ-ті құрайды.

4. «Жұмсақ» органосольвенттік әдісті жетілдіру арқылы SFH-тен алынған МСС-ны күкірт қышқылдық гидролиздеу әдісі арқылы алынған CNC негізіндегі және CNF негізіндегі гидрогельдердің мыстың модельді ерітіндісінен 51,5% және 48,4% Cu^{2+} ионын сорбциялайды.

Докторанттың жеке үлесі. Докторант диссертациялық жұмысын орындау барысында өз бетінше әдеби дерек көздерін сараптап, қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес тәжірибелік зерттеулер жасап, физико-химиялық талдау жүргізді. SFH және RH-тен МСС алудың «жұмсақ» органосольвенттік әдісін делигнификациялаушы агент – сірке қышқылының концентарциясын төмендету арқылы жетілдіріп, МСС-ден қышқылдық

гидролиз әдісімен алынған CNF және CNC негізінде гидрогельдік сорбенттер синтезін жүзеге асырды. Алынған зерттеу нәтижелеріне теориялық, практикалық талдау жасап, диссертациялық жұмыс түрінде қорытындылап жазды.

Зерттеудің ғылыми және практикалық маңыздылығы

Ауылшаруашылық қалдықтарынан қосымша өндеуді талап етпейтін «жұмсақ» әдіспен және делигнификациялаушы агент – сірке қышқылының концентрациясын неғұрлым төмендете отырып, жетілдіру арқылы алынған целлюлозалық материалдардың практикалық маңыздылығы өте жоғары. Аталмыш әдістің қоршаған ортаға техногендік әсері аз, экологиялық тиімді. Гидролиздеу арқылы алынған целлюлоза наноталшығы және нанокристалы негізіндегі гидрогельдік материалдарбиоүйлесімді, биоыдырауға бейім, суды сіңіру сыйымдылығы жоғары, ауыр металл иондарын сорбциялауға бейім болғандықтан, агроөнеркәсіпте шөлейт жердегі топыраққа ылғалды ұстап тұратын сорбент ретінде, фармацевтика, медицина салаларында, өндірістік қалдық суды тазартуда кеңінен қолданысқа ие бола алады. Сондай-ақ, студенттерге, магистранттарға химиялық технология, зерттеудің физико-химиялық әдістері, жоғары молекулалық қосылыстар химиясы сияқты пәнді оқыту барысында қосымша материал және зертханалық жұмыс ретінде қолданылу мүмкіншілігі жоғары болып табылады (Қосымша А).

Ғылыми жұмыстың жоспармен байланысы. Зерттеу жұмысы С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің Ұжымдық қолданыстағы ұлттық ғылыми зертханасының негізгі ғылыми зерттеу бағытына сәйкес және АР23490029 «Егістік жердің ылғалдылығы мен құнарлылығын арттыруға арналған мультикомполиттік биогидрогель әзірлеу», АР 19677542 «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешені қалдықтарынан ауыл шаруашылық өнімдерін сақтау және тасымалдауға арналған «ақылды» және жеуге жарамды нанокмполиттік қаптама алу» және АР19579302 «Жеміс-жидек дақылдарын егу кезінде жабын ретінде қолдануға арналған антибактериалды және биоыдырайтын ылғал сақтаушы пленка әзірлеу» атты ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру жұмыстары аясында орындалды.

Жұмыстың талқылануы. Диссертациялық жұмыстың негізі нәтижелері келесі конференцияларда баяндалып, апробациядан өтті:

1. «International conference on recent advancements in nanotechnology for sustainable development» (11th-12th November, 2022) Maharaja Agrasen University, India;
2. «International Hybrid Conference On Nano Structured Materials And Polymers. ICNP 2023» (12th-14th May, 2023) Mahatma Gandhi University, Kottayam, Kerala, India;
3. «International Conference on Polymers, Composites, Nanocomposites & Biocomposites-2023 (ICPCNB-2023)» (11th-13th December, 2023) SatbayevUniversity, Almaty, Kazakhstan;

4. «International Conference on Polymers, Composites, Nanocomposites & Biocomposites-2024 (ICPCNB-2024)» (8th-10th November, 2024) Mahatma Gandhi University, Kottayam, Kerala, India.

5. «International Conference on Polymers and Nanomaterials (ICPN-2025)» (21th -23th March, 2025) Mahatma Gandhi University, Kottayam, Kerala, India.

Зерттеу нәтижелерінің басылымда жарық көруі. Зерттеу нәтижесі бойынша 4 ғылыми-зерттеу еңбектері жарияланды. Оның ішінде:

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті (ҒЖЖБССҚК) ұсынған ғылыми басылымда – 2 мақала:

1. «International Journal of Biology and Chemistry» журналы, Q4;

2. «Chemical Bulletin of Kazakh National» журналы, Q4.

Scopus және Web of science базаларына кіретін нөлдік емес импакт-факторы бар басылымдарда – 2 мақала:

1. «Journal of Polymer Science» - CiteScore-6.3, процентиль-73% Q2 IF=3.9;

2. «Journal of Polymer Science» - CiteScore-6.3, процентиль-73% Q2 IF=3.9;

Халықаралық конференция материалдарында 3баяндама тезистері жарияланды.

Диссертацияның құрылысы мен көлемі. Диссертация кіріспе, бес бөлім, қорытынды, 348 пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшадан тұрады. Диссертация компьютерде терілген 147 беттен, 55 суреттен, 15 кестеден тұрады.

1 АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ҚАЛДЫҚТАРЫНАН МИКРОКРИСТАЛДЫ ЦЕЛЛЮЛОЗА АЛУ


1.1 Целлюлоза алуда қолданылатын шикізат көздері және олардың химиялық құрамы мен қасиеттері

Қазіргі уақытта дүние жүзінде халық санының күн сайын өсуіне байланысты адам популяциясын азық-түлікпен қамтамасыз ету, сәйкесінше ауылшаруашылық шикізаты өндірісінің артуына әкеліп отыр. Бұл дүние жүзіндегі ауылшаруашылық саласына үлкен әсерін тигізеді [3]. Адамдардың азық-түлік қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында ауылшаруашылық мамандары мен ғалымдар агро өнімдерді әртүрлі жолдармен көбейтуде [1,3]. Сәйкесінше, ауылшаруашылық өнімдерінің өндірісі артқан сайын, агроқалдықтардың көлемі арта түсетіндігі белгілі. Осыған байланысты, соңғы уақытта дүние жүзі ғалымдары – жаңа материалдар алуда талшықты материалдардың көзі ретінде арзан және жыл сайын жаңартылатын өсімдік шикізатын, соның ішінде ауылшаруашылық қалдықтарын қайта өңдеуге үлкен қызығушылықпен қарап отыр. Сонымен қатар, қазіргі кезде ауылшаруашылығы өнімі мен бау-бақша дақылдарының өнімділігін шектейтін өсімдік аурулары сияқты факторларды жойып, өнімділікті арттыру үшін пестицидтерді, фунгицидтерді және химиялық тыңайтқыштарды да көптеп пайдалануда. Алайда, бұл химиялық заттар өз кезегінде адамға, қоршаған ортаға кері әсерін тигізіп, тіпті белгілі бір уақыт өткеннен кейін топырақ қабатының бұзылуына әкеледі [4]. Мұндай жағдайда, өсімдік шикізаты мен ауылшаруашылық қалдықтарын «жасыл» әдіспен қайта жаңарта отырып, синтезделген табиғи полимерлерді ауылшаруашылығы саласына қайта қолдану - осы мәселенің ұтымды шешімі болып табылады.

Егістік алқаптары мен бау-бақша дақылдары өндірісіндегі өнімнің артуынан миллиондаған тонна ауылшаруашылық қалдықтары қалады. Ауылшаруашылық қалдықтарының жыл сайынғы өсу қарқыны орташа есеппен 5–10% құрайды. Бұл қоршаған орта үшін қолайсыздық тудырады, себебі мұндай қалдықтарды утилизациялау су, топырақ және ауаның ластануына әкеледі [5,6]. Мәселен, күріш, бидай, жүгері сабаны және қант қамысы сияқты өнімдер тиісінше шамамен 731 млн, 354 млн, 203 млн және 180 млн тонна өндіріледі. Олардың ішінде Азия материгі күріш сабанының ең көп мөлшерін өндіреді. Жеміс-жидек қауызы мен қалдықтары да ауылшаруашылық қалдықтары өндірісін арттыра түсетін материалдар болып табылады. Егіс алқаптарында және биомассаны өңдеу кезінде жинақталған мұндай қалдықтар қосымша утилизациялауды қажет ететіндігі айқын. Өнім қалдықтарын жағу парниктік газдардың, басқа да ластаушы заттардың көп мөлшерін шығарады. Сондықтан да, ауылшаруашылық қалдықтарынан табиғи полимерлер мен басқада құнды материалдар алу үшін, оны шикізат көзі ретінде қолданудың тиімді технологиясын жасау, яғни, табиғи ресурстарды кәдеге жарату мәселесі әлі күнге дейін өзекті болып келеді.

Жалпы, ауылшаруашылық қалдықтары – бұл ауылшаруашылық өнімдерінің қалдықтары мен мал шаруашылығы қалдықтары сияқты пайдалануға жарамсыз материалдар (қатты немесе сұйық) және тамақ

өндірісінің жанама өнімдері [6,8]. Қазіргі уақытта қолданылатын табиғи өсімдік талшықтарының орасан зор байлығын алу үшін ауылшаруашылық қалдықтарынан алынған табиғи талшықтарды пайдалану көбірек даму мен назар аударуды қажет етеді. Ауылшаруашылық қалдықтары целлюлоза, гемицеллюлоза және лигнин сияқты лигноцеллюлозды материалдардан (1-сурет) және күл мен ақуыздың ең аз мөлшерінен тұрады [9,10]. Агроқалдықтардың негізгі құрамдас бөлігі ретінде целлюлоза 32-65% құрайды. Ол тығыздығы төмен және жоғары механикалық қасиеттері бар нығайтқыш материал ретінде пайдаланылады [11,12,13]. Құрамында целлюлоза бар ауылшаруашылық қалдықтары экологиялық және экономикалық жағынан тиімді болғандықтан әртүрлі салада қайта пайдалануға болатын шексіз ресурстар болып табылады [14,15]. Яғни, шикізат қорының қолжетімділігі, қайта жаңартылатыны, биоүйлесімділігі және материалдарға биоыдырағыш қасиет беруі биокөмпозиттік материалдар синтездеуге қолайлы, әрі оларды ауыл шаруашылығында, медицинада және тамақ өнімдерінде пайдалану мүмкіншілігі жоғары. Ауылшаруашылық қалдықтарының үлкен көлемі целлюлоза болып табылады. Дегенмен, гемицеллюлоза мен лигнин целлюлозаны бөліп алуда кедергі жасайтын факторлар болып табылады. Егер олар целлюлозаны алу кезінде бөлініп алынбаса, целлюлоза өнімділігін төмендетеді. Сондықтан, ауылшаруашылық қалдықтарындағы жанама өнімдерді жою үшін әртүрлі әдістерді қолдану қажет.



Сурет 1 – Ауыл шаруашылық қалдықтарының лигноцеллюлоздық құрамы

Целлюлоза талшықтарын құрайтын агроқалдықтардың 10%-ы биокөмпозиттер, автокөлік саласы және биомедицина саласында бағалы заттарды өндіруде қолданылады [16]. Жылдық өндірісі 7,5-тен 1010 тоннаға дейін жететін целлюлоза биосферада өндірілетін ең көп жаңартылатын органикалық материал болып табылады [17]. Целлюлоза әдетте жоғары

сатыдағы өсімдіктердің негізгі құрылымдық компонентін құрайтын, өсімдік жасушаларының қабырғаларының құрылымын сақтауда маңызды рөл атқаратын талшықты, механикалық берік, суда ерімейтін материал болып келеді [17]. Оның таралуы биологиялық топтардың түріне қарай әртүрлі болуы мүмкін. Әрбір организмнің экологиялық және физиологиялық қажеттіліктеріне байланысты, целлюлоза мен оның аналогтары (мысалы, хитин) жан-жақты рөлдер атқара алады. Сонымен қатар, целлюлозаны балдырлар, саңырауқұлақтар, бактериялар, туникаттар (Tunicates), амебалар сияқты басқа да су асты тірі организмдерінен де табуға болады [18]. Бірақ, су өсімдіктерінде целлюлозаның мөлшері өте аз, тіпті кейбіреуінде кездеспеуі де мүмкін. 2-суретте потенциалды целлюлоза алуға болатын ауылшаруашылық қалдықтарының көздері көрсетілген.



Сурет 2 – Целлюлоза алынатын потенциалды ауылшаруашылық қалдықтарының түрі

Бидай ([лат. *Triticum*](#)) – астық тұқымдасына жататын аса маңызды дәнді-дақыл. Ол Орталық Азия аймағының 225 млн га жерін алып жатыр және әлемдік өндірісі 750 млн тоннаға жетеді. Бидай өндіруден Үндістан екінші орынды иемденеді. Ол 109,52 миллион тонна бидай өнімін алып, дүниежүзі бойынша бидай көлемінің 13% үлесіне ие [12]. Бидай сабаны дүние жүзінде екінші ірі лигноцеллюлозды материал болып табылады. Бұл ресурс негізінен үш маңызды қолданысқа ие: электр қуатын алу үшін тікелей жағу, жанармай этанолын өндіру және жем өндіру [19]. Бидай сабаны экологиялық таза процестерде биоотын өндіру үшін пайдаланылады [12]. Бидай сабаны, басқа биомассаға қарағанда салыстырмалы түрде азырақ пайдалы, бірақ оның биоэтанол өндіруде әлеуеті мен өнімділігі жоғары [12].

Бидай сабаны химиялық құрамы жағынан целлюлоза, көмірсу, протеин, май және калий, кальций, магний, фосфор, темір сияқты басқа да

көптеген минералды заттарды құрайды. Сонымен қатар, бидай сабанында целлюлоза мөлшері жоғары, оның жалпы құрамының 30-40%-ын құрайды. Ал, лигниннің мөлшері шамамен 10-15% аралығында, гемицеллюлоза 20-30% шамасында кездеседі. Бидай сабанындағы целлюлоза, лигнин және гемицеллюлоза мөлшері әртүрлі жағдайларға байланысты өзгеруі мүмкін.

Жүгері ([лат. *Zea mays L.*](#)) – астықтұқымдасына жататын бір жылдық дақылдардың бірі. 1990-2010 жылдар аралығында дүниежүзілік жүгері өндірісі жылына 100 млн тоннадан 688 млн тоннаға дейін өссе, 2014 жылы жаһандық жүгері өндірісі 969 млн тоннаға, ал 2017 жылы 1031 млн тоннаға жеткен [20]. Қазіргі уақытта ол шамамен 160 млн га алқапта егіледі, астықтың орташа өнімділігі 4,6 т/га. Кейбір Батыс елдерінде, мысалы, АҚШ-та жүгерінің жылдық тұтынуы жан басына шаққанда 200 кг-нан асады [21]. Жүгері дүние жүзіндегі 147 млн гектарға дейін агроклиматтық аймақтарды қамти отырып [22], 3000-нан астам өнімге жем, отын, азық-түлік және талшық бере алады [22,23]. Бұл, қайта жаңартылатын шикізат көздерінің қоры әр жыл сайын айтарлықтай мөлшерде жинақталатындығын көрсетеді.

Жүгері жапырағы мен жүгері сабанының құрамындағы көмірсулар негізінен целлюлоза, гемицеллюлоза және лигниннен тұрады. Олардың мөлшері өсімдіктің өсу кезеңіне, түріне және өңдеу жағдайына байланысты өзгеруі мүмкін. Орташа алғанда, жүгері жапырағы мен сабанының көмірсу құрамдары келесідей: целлюлоза – 35-45%, гемицеллюлоза – 25-30%, лигнин – 5-15% құрайды. Ал, жүгері сабанының құрамындағы көмірсулардың мөлшері: целлюлоза – 40-50%; гемицеллюлоза – 20-30%; лигнин – 10-20% мөлшерде кездеседі. Целлюлоза өсімдік жасушаларының беріктігі мен қаттылығын қамтамасыз етсе, гемицеллюлоза механикалық икемділік пен тығыздық береді. Сонымен қатар, гемицеллюлоза суды байланыстыру қабілетіне ие болғандықтан өсімдіктегі ылғалдылықты сақтауға көмектеседі. Жүгері жапырақтарында лигниннің аз мөлшері олардың икемділігіне, ал сабағында көп мөлшері өсімдіктің қаттылығы мен тұрақтылығын арттырады. Жүгері жапырағы мен сабанында көмірсу құрамының жоғары болуы оларды биоотын, қағаз өндірісі, композиттік материалдар және мал азығы ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жүгері сабаны органикалық заттардың құрамын тиімді түрде жақсарта алады, топырақ құнарлылығын арттырады және топырақтың физикалық және химиялық қасиеттерін жақсартады [24,25].

[26,27,28] зерттеулерде жүгері дәнінің химиялық құрамы зерттеліп, глюкозаның мөлшері 34-47,1%, хилоза 27-31,1%, арабиноза 2,4-5,4%, галактоза 0,8-2,2%, манноза 0,1-0,2%, ацетильді топ 0,3-3,07%, урон қышқылы 1,8-3,45%, лигнин 9,4-18,8%, күлдің мөлшері 1,2-2,5% аралығында болатындығы анықталған. Жүгері дәнінің целлюлозалық құрамында ксиландар жиі кездеседі. Ол әдетте 2:07:19 қатынасында 4-О-метил-Д-глюкурон қышқылы, L-арабиноза және дксилозадан түзілген химиялық құрылымға ие [29]. Ксиландар мен басқа қанттар жүгері дәнін биоотын, белсендірілген көмір, брикеттер, микроорганизмдер арқылы ыдырау немесе

басқа биоөнімдер өндіруде маңызды шикізат көзі ретінде қолдануға мүмкіндік береді [30,31].

Қант қамысы ([лат. Saccharum](#)) – астықтұқымдасына жататын көп жылдық өсімдік. Өсімдік биомассасының негізгі құрамдас бөлігі лигнин, гемицеллюлоза және целлюлоза сияқты лигноцеллюлозды материалдар болып табылады. Өсімдік биомассасынан алынатын ауылшаруашылық өнімдері өнеркәсіптік биополимерлерді өндіру үшін тұрақты, жаңартылатын және қымбат емес шикізат ретінде қызмет ете алады [32]. Мысалы, қант қамысының целлюлозасы шамамен 40–50% құрайды [33]. Оқшауланған целлюлозалы талшықтар және олардың туындылары тығыздығы төмен, бетінің ауданы жоғары және жақсы механикалық беріктілігімен сипатталып, қағаз, қаптама, сенсор алу, суды тазарту және тоқыма бұйымдарынан биомедициналық құрылғыларға және дәрі-дәрмек жеткізуде қолдануға мүмкіндік береді [34]. Гемицеллюлоза әдетте С6 және С5 қанттарының әр түрлі түрлерінен тұратын аморфты полимер: D-глюкоза, D-ксилоза, D-манноза, D-галактоза, L-арабиноза, D-глюкурон қышқылы және L-фукозаны құрайды. Гемицеллюлоза аморфты [35] және өсімдік жасушасының қабырғаларындағы целлюлоза талшықтарын байланыстыруға көмектесетін үлкен және күрделі көмірсулар молекуласы болып табылады [36]. Сонымен қатар, гемицеллюлоза целлюлозамен және лигнинмен сутектік байланыс түзе алады, сондықтан оларды «айқаспалы глюкандар» деп те атайды [37,38].

Күріш ([лат. Oryza](#)) – астықтұқымдасына жататын бір немесе көп жылдық өсімдік. Күріш сабаны – жыл сайын 600 миллион тоннаға жуық өндірілетін, егін жинаудан кейінгі егістік алқаптарында қалатын ең мол, жаңартылатын және құны төмен ауыл шаруашылығы қалдықтарының бірі. Мысалы, күріш сабаны Испанияның Валенсия аймағында бірнеше аптаның ішінде ғана 75-90 мың тонна өндіріледі [39]. Ал, Қазақстандағы күріш өндірісі елдегі жалпы ауылшаруашылық алқаптарының 89,4%-ын құрай отырып, сәйкесінше өңірдегі күріш алқаптарында жылына орта есеппен 500 мың тонна сабан, 100 мың тонна қауыз қалады [40,41]. Өкінішке орай, осы уақытқа дейін Қазақстанда күріш қалдығы көп жағдайда пиролиз, биомассалық отын және мал азығы ретінде ғана қолданылып келеді [42]. Себебі, елімізде ауылшаруашылық қалдықтарынан табиғи полимерлер мен басқада құнды материалдар алу үшін, оны шикізат көзі ретінде қолданудың дайын технологиясы жоқ болғандықтан, табиғи ресурстарды кәдеге жарату мәселесі әлі күнге дейін өзекті болып отыр [43].

Жалпы күріш қауызы күріш массасының шамамен 20% құрайды [44]. Химиялық құрамы жағынан көмірсутектерге бай, құрамындағы целлюлозаның мөлшері 30%-ға дейін [45], күріш тұқымының сортына және өсіру жағдайына байланысты лигниннің мөлшері 19-25% аралығында [46,47,48], гемицеллюлозаның мөлшері 20-25% дейін құрайды. [49,50] зерттеулерде күріш қауызынан 35-45% дейін целлюлоза талшықтарын бөліп алуға болатындығы анықталған. Ағаш шикізаттарымен салыстырғанда күріш қауызында гемицеллюлозаның мөлшері көбірек, ал целлюлозаның мөлшері әлдеқайда аз болғандықтан, оны қағаз өндірісінде қолданбайды. Көп

жағдайда күріш қауызы гидролиз өнеркәсібінде қолданылады [51,52]. Күріш қауызының басқа ауылшаруашылық қалдықтарынан айырмашылығы құрамында кремний диоксидінің мөлшері тым жоғары – 16-20% [45,53,54]. Сол себепті, оны отын немесе тыңайтқыш ретінде қолдану тиімсіз болып табылады. Күріш қауызы құрамындағы кремний диоксиді (SiO_2) аморфты кремнезем түрінде кездеседі [45]. Бұл кремний қосылысы күріш қауызының қаттылығын арттырып, оны механикалық тұрғыдан төзімді етеді. Сонымен қатар, кремний диоксидінің гигроскопиялық қасиеттері ауадағы ылғалды сіңіруге және тепе-тең ылғалдылық деңгейін (8–13%) сақтауға мүмкіндік береді. Осы себепті күріш қауызы ылғалға және ұзақ уақыт сақталғанда шіруге төзімді болып келеді [48]. Күріш қауызының тығыздығы 0,1–0,14 кг/м^3 аралығында болғандықтан, ол өте жеңіл және көлемді материал болып табылады. Осы қасиеттерінің арқасында күріш қауызы адсорбент, биожанармай, құрылыс материалы және ауыл шаруашылығы үшін топырақ қоспасы ретінде кеңінен қолданылады [47,48].

Күріш сабаны жоғары күл мөлшеріне (~15–20%) және ақуыздың аздығына байланысты табиғи жағдайда баяу ыдырайды. Оның құрамындағы негізгі көмірсулар: целлюлоза – 30-40%; гемицеллюлоза – 20-25%; лигнин – 10-15%; кремний диоксиді – 3-15%; экстрактивті заттар – 7% [55]. Бұл құрам күріш сабанының беріктігін арттырып, оны биологиялық ыдырауға төзімді етеді. Сонымен қатар, лигнин мен кремний диоксидінің болуы оны құрылыс материалдары мен биокөмпозиттер өндірісі үшін перспективалы шикізат ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Күріш сабанынан алынған целлюлоза негізінен ауыл шаруашылығында суды ұстап тұратын материал, экологиялық таза пластиктер, биоыдырайтын қаптамалар және баяу бөлінетін тыңайтқыштар алуда кеңінен қолданылады [56].

Қарақұмық ([лат. *Fagopyrum esculentum*](#)) – тарандар тұқымдасы, қарақұмық туысына жататын бір жылдық шөп тектес өсімдік. Өзге де дәнді-дақылдар сияқты, қарақұмықты өсіру және өңдеу кезінде сабаны, жеміс қауызы және ұн (немесе кебек) түрінде үлкен тонналық қалдықтар қалады. Мәселен, қарақұмық дәнін қауызынан тазарту барысында 1 тонна астықтан шамамен 200 кг қауыз бөлініп алынады [57,58]. Қауыз көлемі дәнімен бірге астық массасының 20-30% құраса, сабанының жер үсті массасындағы үлесі 42-62% құрайды [59]. Бұл қарақұмықтың сорттық ерекшеліктеріне және өңдеу технологиясына тікелей байланысты. Қарақұмық қауызының қалыңдығы 0,13-0,18 мм аралығында болады, бұл оны механикалық тұрғыдан төзімді етеді.

Целлюлоза алуда қарақұмық дақылының сабаны мен қауызына ерекше назар аударылады. Қарақұмық қауызының химиялық құрамы оның сортына және өсірілу жағдайына тікелей тәуелді. Қауыз құрамындағы негізгі органикалық және бейорганикалық компоненттердің орташа мөлшері 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Қарақұмық қауызының химиялық құрамы

Химиялық компоненттердің атауы	Құрамы (100 г құрғақ затқа шаққанда)	Зерттеулер
--------------------------------	--------------------------------------	------------

Органикалық компоненттер, %		
1	2	3
Целлюлоза	35-45	[60,61]
Гемицеллюлоза	20-30	[60,61]
Лигнин	10-20	[60,61]
Пентозандар	19,8	[62]
Экстрактивті заттар	5-10	[62]
Майлар мен балауыздар	1-3	[62]
Ақуыз	~4	[62]
Крахмал	~2	[62]
Бейорганикалық компоненттер, %		
Кремний диоксиді (SiO_2)	1-5	[63,64]
Кальций (CaO)	0,5-2	[63,64]
Калий (K_2O)	0,5-1,5	[63,64]
Na_2O	3,91	[63,64]
Фосфор (P_2O_5)	0,2-1	[63,64]
Al_2O_3	1,22	[63,64]
Fe_2O_3	1,3	[63,64]
MgO	3,1	[63,64]
MnO	0,5	[63,64]
SO_3	3,62	[63,64]
Басқа да минералды компоненттер	1-3	[63,64]
Қарақұмық қауызының жеңіл гидролизденетін полисахаридтерінің моносахаридтік құрамы, %		
Ксилоза	63,03	[63]
Арабиноза	4,24	[63]
Глюкоза	16,36	[63]
Галактоза	4,85	[63]
Урон қышқылдары	11,50	[63]

Қарақұмық қауызының химиялық құрамы күрделі болып келеді. Сонымен қатар, оның құрамында кумарин, циннамин қышқылының туындылары, аминқышқылдары, антрацен туындылары, танин сияқты көптеген биоактивті қосылыстар да кездеседі. Дәрумендер құрамы (мг/100 г құрғақ зат бойынша): А дәрумені – 0,003 мг; В1 (тиамин) – 0,16 мг; В2 (рибофлавин) – 0,084 мг; Р (рутин, биофлавоноидтар) – 28,8 мг; Е (токоферол) – 2,3 мг. Бұл көрсеткіштер қарақұмық қауызының биологиялық белсенділігі жоғары екенін көрсетеді, әрі қарақұмық қауызының моносахаридтік құрамы мен дәрумендік құрамы оны биотехнология, тамақ және фармацевтика салаларында қолдануға мүмкіндік береді. Рутин (Р дәрумені) мөлшерінің көп болуы оның антиоксиданттық және капиллярларды нығайтатын қасиеттерін күшейтеді. [58, 65-67] жұмыстарда қарақұмық қауызының сығындысында рутин, витексин, изовитексин,

ориентин, изоориентин, галлат катехині және эпикатехині кездесетіні анықталған. Осылайша, қауыз құрамының көптеген органикалық қосылыстарға бай болуы оны агросалаларда, тамақ өнеркәсібінде, экологиялық материалдар өндірісінде және медицинада кеңінен қолдануға мүмкіндік береді.


Соя ([лат. *Glycinetax L.*](#)) – бұршақ тұқымдасына жататын бір жылдық шөптесін өсімдік. Ол – өсімдік майының да, ақуыздың да көзі ретінде дүние жүзінде қос мақсатта өсірілетін маңызды дақыл [68]. Дүниежүзілік соя өндірісі 2019 жылы шамамен 334 миллион тоннаны құраған [69]. 2030 жылға қарай сояның жалпы әлемдік өндірісі 371,3 миллион тоннаны құрап, жанама өнімнің мөлшері 29,7-37,1 миллион тоннаға жетеді деген болжам жасалған [70]. Сояны өңдеу кезінде сабан, бұршақ, қауыз сияқты целлюлозаға бай жанама өнімдердің түрлері көптеп түзіледі [71]. Соя қауызы өсімдіктің жалпы массасының 7-8% құрайды [72]. Оның құрамында көптеген пайдалы қосылыстар бар, алайда Қазақстанда соя қауызын биомасса көзі ретінде қолдану бойынша зерттеу жұмыстары аздық етеді. Жалпы соя қауызының құрылымы негізінен целлюлоза, гемицеллюлоза және лигниннен тұрады. Соя қауызының басты ерекшелігі – оның лигноцеллюлозды материал ретінде лигнин мөлшерінің төмен болуында [72]. Бұл ферментативті гидролиздің тиімділігін арттырады, яғни басқа лигноцеллюлозды биомассаға қарағанда гемицеллюлозаларды оқшаулау алдында делигнификацияны қажет етпейді. Бұл оның өңдеуін жеңілдетеді және өндірістік процестерді тиімдірек етеді. Соя қауызының негізгі гемицеллюлозалары құрамында α -L-арабинофуранозил, L-арабино-4-O-метил-D-глюкуроно-D-ксилан, 4-O-метил-глюкурон қышқылы және α -D-галактоза бірліктері бар. Бұл құрылымдар соя қауызының ерекше қасиеттерін анықтайды. Сонымен қатар, бұл гемицеллюлозалар оңай гидролизденіп, гексоза (манноза, глюкоза және галактоза) және пентоза (арабиноза және ксилоза) қанттарына айналады. Бұл қанттар әрі қарай отын этанолына және басқа да құнды химиялық заттарға, соның ішінде фурфурал, 5-гидроксиметилфурфурал (HMF), ксилит және леулин қышқылына айналуы мүмкін. Бұл өнімдер биоотын және жасыл химия салаларында маңызды рөл атқарады. Соя қауызының құрамында лигниннің төмен болуы оны липидтер өндірісі үшін де тиімді шикізат етеді. Лигниннің аз мөлшері биоконверсия процесінде алдын ала өңдеусіз пайдалануға мүмкіндік береді, бұл өңдеу шығындарын азайтады және процесті жеңілдетеді. Сонымен қатар, соя қауызы пероксидазалар сияқты ферменттерге бай. Пероксидазалар тотығу-тотықсыздану реакцияларында қатысады және әртүрлі биокатализдік процестерде қолданылады.

[73-76] зерттеу жұмыстарында соя сабаны мен қауызы целлюлоза талшықтарын алуда тиімді шикізат ретінде қолданылған. [77] зерттеуде соя қауызының химиялық құрамы зерттеліп, ондағы целлюлозаның мөлшері – 39,4%, күлділігі – 5,3%, ақуыз – 7,7%, СаО – 0,76%, P₂O₅ – 0,18%, азотсыз сығындының мөлшері – 43,2%-ға тең болатындығы анықталған. [78] зерттеу жұмысында соя сабанынан целлюлоза талшықтарын алу мүмкіншілігі

карастырылып, сабанның құрамындағы целлюлозаның мөлшері – 44-83%, лигнин – 5,14%, ал күлділігі – 2-5% аралығында болатындығы зерттелген.

Соя қауызын тазарту процесінің тиімділігіне байланысты оның химиялық құрамының сандық мәні де өзгеруі мүмкін [79,80].

Тігуші агент МВА әртүрлі концентрациясында алынған MCChydrogel механикалық беріктік нәтижелері салыстырмалы түрде 27-суретте көрсетілген. Алынған нәтиже бойынша MCChydrogel механикалық қасиетіне тігуші агенттің концентрациясы айтарлықтай әсер ететіндігі белгілі болды. Гидрогельдердің сығылуы кезінде MCCHG_{10} механикалық беріктігі 27 МПа қысымға дейін шыдап, ары қарай деформацияға ұшырайтындығы белгілі болды. Ал, MCCHG_{15} механикалық беріктігі 15,9 МПа дейін шыдаса, MCCHG_{20} механикалық беріктігі 7,7 МПа дейін шыдайтыны белгілі болды. Бұдан, тігуші агенттің концентрациясы аз болған сайын MCChydrogel-дің механикалық беріктігі жоғары болатындығы анықталды. Бұл тігуші агент концентрациясы төмен болған кезде макромолекуладағы мономерлердің сирек тігілуі әсерінен, эластикалық қасиетінің жақсы болатындығымен түсіндіріледі [327]. Ал, тігуші агенттің мөлшері артқан сайын мономерлердің жиі тігілуі гидрогельдің сынғыштығын арттырумен қоса судағы және су-органикалық, электролиттік ерітінділердегі ісіну кинетикаларының азаюына әсер ететіндігі анықталды.



Сурет 27– MCCHydrogel-дердің механикалық қасиеттері

5.6.2 СЭМ талдау


28-суреттегі СЭМ талдауы нәтижесінде синтезделген MCCHG₁₀ гидрогелінің морфологиясы біртекті тегіс емес мезопоралы екендігі анықталды (28a-сурет). Сорбенттегі пораөлшемдері 313,9nm-ден 3,41 μ м аралығында екендігі байқалады (28b-сурет). Гидрогель структурасындағы ашық және бос құрылымның пайда болуынан мономерлер молекуласындағы гидроксил және карбоксилат аниондарының иондық табиғатынан туындаған электростатикалық тебіліс (electrostatic repulsions) әсерінен гидрогель торларындағы кеңістік ұлғаятындығы белгілі [321]. Нәтижесінде су молекулалары гидрогельге оңай диффузияланып, ісіну коэффициентінің жоғарылауына әкеледі. Бұл MCCHG₁₀ гидрогелдің ісіну дәрежесін анықтауда дәлелденді (22-сурет). Сондай-ақ, тігуші агенттің концентрациясы артқан сайын гидрогель пораларының өлшемдері кішірейе түсетіндігі [321] зерттеуде анықталған. Нәтижесінде, су молекулаларының гидрогель бойына еркін енуі қиындайды [328]. 22-суретте келтірілген зерттеу нәтижесінде MCCHG₁₀ гидрогелінің судағы ісіну дәрежесі 1176% тең болып, MCCHG₁₅ және MCCHG₂₀-пен салыстырғанда сәйкесінше 1,28 және 1,4 есеге жоғары болуы СЭМ нәтижесімен жақсы сәйкес келетіндігін анықтады. [329] зерттеуде MCC негізіндегі гидрогельдердің мезопоралы құрылымға ие болатындығы анықталған. Осыған байланысты, осы зерттеуде алынған СЭМ нәтижесі де MCC негізіндегі гидрогельге тән екендігін көрсетеді.



Сурет 28 – MCCNG₁₀-нің СЭМ фотосуреті

5.6.3 ИҚ-спектроскопиялық талдау

MCCNG₁₀ гидрогельдің химиялық құрылымы бастапқы MCC және AAm салыстырмалы түрде FTIR-да зерттелді (29-сурет).




Сурет 29 – ИҚ спектрлері: а) MCC; б) AAm; в) MCCNG₁₀

29а-суретте келтірілген ИҚ-спектроскопия нәтижелері микрокристалды целлюлозаның (МСС) спектріндегі жұтылу аймақтарын көрсетеді: 655,9 см⁻¹ жазықтықтан тыс тербеліске байланысты С–ОН байланысына сәйкес; 891 см⁻¹ және 1153,6 см⁻¹ β-(1,4) гликозидті С–О–С байланыстарына сәйкес, аморфты аймаққа тән; 1014,7 см⁻¹ және 1153,6 см⁻¹ пирраноза сақинасындағы С–О және ароматты сақинадағы С–О мен С–С байланыстарының жоғары қарқындылықтағы сигналдары; 1253,9 см⁻¹, 1307,9

cm^{-1} және $1365,8 \text{ cm}^{-1}$ C–H байланыстарына сәйкес; $1412,1 \text{ cm}^{-1}$ C–H₂ топтарынан туындайды; $1635,9 \text{ cm}^{-1}$ ауадағы ылғалдан сорбцияланған су молекуласындағы O–H байланысына сәйкес келеді; $2889,8 \text{ cm}^{-1}$ және $3337,8 \text{ cm}^{-1}$ тиісінше CH және OH топтарының тербелістерімен байланысты. Алынған нәтижелералдыңғы зерттеу жұмыстарымен жақсы сәйкес келеді. [7,100,330]. 29b-суреттегі AAm-тің FTIR спектрінде толқын саны $3100 - 3200 \text{ cm}^{-1}$ аралығында CO-NH, 2824 cm^{-1} C-H, 1672 cm^{-1} C=O, 1660 cm^{-1} CO-NH₂, 1615 cm^{-1} C=C, $1140 - 1440 \text{ cm}^{-1}$ C-H, $685 - 995 \text{ cm}^{-1}$ аралығында –HC=CH байланыстың тербелісіне тән [59].


MCCNHG₁₀ гидрогелінің FTIR спектрінде (29c-сурет) синтез барысында қолданылған мономер AAm-тегі –HC=CH байланысына тән $685-995 \text{ cm}^{-1}$, C-H сипаттайтын $1140-1440 \text{ cm}^{-1}$ және C=C сәйкес келетін 1615 cm^{-1} тербеліс сигналдарының әлсіреуі байқалады [331]. Сонымен қатар, алынған өнімнің спектрінде MCC молекуласындағы гидроксил топтары мен AAm-нің NH-амин топтары арасындағы молекулааралық сутектік байланысты көрсететін 1770 cm^{-1} интенсивті сигнал–жаңа байланыстың түзілгенін анықтайды. Бұл байланыс, MCC молекуласының гидрогельге толық, әрі біргелкі отырған полимер қоспасы екенін көрсетеді [332]. Алынған FTIR нәтижесі 30-суреттегі құрылымдық формулаға сәйкес келеді.



Сурет 30 – Гидрогель синтездеудің реакциялық схемасы

5.6.4 X-ray дифрактометрлік талдау

31-суретте ААм және МССНГ₁₀-дің рентгендік дифрактограммалары салыстырмалы түрде көрсетілген. МССНГ₁₀-дің дифрактограммасында төрт дифракциялық пиктер тіркелді. Олар $2\theta=15,4^\circ(1-10)$, (110) , $22,4^\circ(200)$, $29,3^\circ(210)$, $35,3^\circ(004)$ тең. Бұл пиктер гидрогельдің құрылымында кристалдық және аморфты аймақтардың қатар жүретінін көрсетеді. $2\theta=15,4^\circ$ пайда болған дифракциялық пик екі тізбекті моноклиник, целлюлоза Іβ-ге тән, яғни, целлюлозаның $(1-10)$ және (110) жазықтықтарына сәйкес келеді [7, 303]. $22,4^\circ$ пайда болған пик гидрогельде целлюлозаның кристалдық құрылымы біршама жақсы сақталғанын айқындайды. Ал, $2\theta=22,4^\circ$, $29,3^\circ$ жаңа дифракциялық пиктердің пайда болуы гидрогельде жаңа құрылымдық фазаның пайда болғанын білдіреді. Бұл жаңа фазаның орын алуы 29с-суреттегі акриламид пен целлюлоза арасындағы молекулааралық сутектік байланыстың орнағанын дәлелдейді. Жалпы, МССНГ₁₀-дің рентген дифрактограммасы гидрогель құрамында жартылай кристалдық құрылымның сақталғанын және МВА-мен тігілу әсерінен жаңа аралық немес кристалдық фазаның пайда болғанын көрсетеді [329]. Бұл гидрогельдің механикалық беріктігін, суды сіңіру мен термиялық қабілетін және құрылымдық тұрақтылығын арттырады.




Сурет 31 – ААм және МССНГ₁₀-дің салыстырмалы XRD дифрактограммалары

5.6.5 ТГА талдау

32-суретте МСС және МССНГ₁₀-дің термиялық тұрақтылықтарының салыстырмалы термограммалары көрсетілген. МСС массасының азаюын екі

кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең – су молекулаларының булануы. Ауадан сорбцияланған бос су молекулаларының булануы МСС үшін 75-255°C аралығында жүзеге асып, массасының 7% жоғалтса, МССНГ₁₀ үшін 96-226°C температура аралығында орын алып, өз массасының 5% жоғалтады. Екінші кезеңде МСС массасының көп мөлшерде жоғалуы 255-376°C аралығында орын алады. Осы температура аралығында целлюлозада күшті деполимеризациялану жүріп, ұшқыш СО, СО₂ және СН₄ түзіліп, МСС бастапқы массасының 90%-ын жоғалтады. Алынған нәтиже [100] зерттеуге сай келеді.

Ал, МССНГ₁₀-де гидрогелі массасының жоғалуы 255-700°C температура аралығында орын алып, гидрогель бастапқы массасының 95% бөлігін жоғалтады. Бұл, мономерлермен молекулааралық сутектік байланыстың нәтижесінде алынған макромолекуланың термиялық тұрақтылығының артатындығымен түсіндіріледі. Алынған нәтижелер бұрын жүргізілген зерттеулермен жақсы сәйкес келеді [329]. МССНГ₁₀-дің термиялық ыдырауы МСС-ге ұқсас СО, СО₂, СН₄ және қатты смолалар түзілуі арқылы жүзеге асады [333,334]. Левоглюкозан, кокс және сутегі, этилен, этан сияқты ұшқыш аралық өнімдердің термиялық ыдырауы МСС-де 376–514°C температура аралығында орын алса, МССНГ₁₀-де 700-796°C температура аралығында жүреді [100, 333].



Сурет 32 – МСС және МССНГ₁₀ ТГА қисықтары

5.7 МССНГ₁₀ гидрогельдің топырақтағы ылғалды ұстау мүмкіншілігі мен биоыдырау қасиеті


33-суретте МССНГ₁₀-дің топырақ қабатындағы биоыдырау нәтижесі көрсетілген. МССНГ₁₀ гидрогельдің биологиялық ыдырау периодын үш этапқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші этапта тұрақты массаға дейін кептірілген МССНГ₁₀ бастапқы 5 күнде топырақтағы ылғалды сорбциялап, массасы бастапқымен салыстырғанда 342% дейін артатындығы байқалады (12-сурет). Екінші этаптасуға қаныққан МССНГ₁₀ 5-40 күн аралығында

бойындағы суды топыраққа қайта жіберетіндігі анықталды. Орташа есеппен күніне 9,8% ылғалды топыраққа бере алатындығы белгілі болды. Ал40-77 күн аралығында МССНГ₁₀-дің биологиялық ыдырауы жүзеге асып, 37 күннің ішінде бастапқы массасының 66% жоғалтады (11-кесте). Орта есеппен күніне гидрогельдің 2%±0,1 массасы биоыдырауға ұшырайтындығы анықталды. МССhydrogel-дердің биоыдырауы топырақ микроорганизмдерінің және ультракүлгін сәулеленудің әсерінен целлюлоза молекулаларындағы сутектік байланыстардың бұзылуы нәтижесінде жүреді [335]. Бұл МССНГ₁₀ гидрогелінің биоыдырау кезеңі Қазақстандағы өсімдіктердің вегетациялық кезеңіне сәйкес келетінін, яғни 60-77 күн аралығын қамтитынын білдіреді [336]. Гидрогельдің қалған 34%-ға тең массалық бөлігі топырақ түйіршіктерімен араласып кетуіне байланысты өлшеуге мүмкіндік болмады. [337-339] зерттеулерде целлюлоза негізіндегі гидрогельдердің биологиялық ыдырауы топырақтағы микроорганизмдердің әсерінен болатындығы айтылған. Сонымен қатар, гидрогельдер массаларының шамамен 60%-дан артық мөлшерін жоғалта отырып, биологиялық ыдырауға ұшырау периодтары осы зерттеудегі алынған уақытқа сәйкес келетіндігі белгілі болды.

Кесте 11 – Топырақтағы МССНГ₁₀ гидрогелінің суды ұстауы және биоыдырауы

МССНГ ₁₀	WA	WD	BD
α, %	342	342	66
Күн	0-5	5-40	40-77

WA–суды сіңіруі, WD–суды шығаруы, BD - биоыдырауы



Сурет 33 – МССНГ₁₀ гидрогелінің биоыдырауы

12-кестеде гидрогельдің биоыдырауға дейінгі (бастапқы) және биоыдыраудан кейінгі топырақ үлгілерінің химиялық құрамы көрсетілген. Топырақ үлгілерінің құрамы МемСТ-ке сәйкес анықталды. Нәтижесінде топырақ үлгілерінің құрамында аса қатты айырмашылық байқалған жоқ,

яғни, MCCNG₁₀ гидрогелінің құрамы топыраққа кері әсерін тигізбейтіні белгілі болды.

Кесте 12 – Биоыдырауға дейінгі және биоыдыраудан кейінгі топырақ үлгілерінің химиялық құрамы

Сынақ әдістерінің НҚ		Топырақ құрамы						
		pH	Гумус, %	Калий, мг/кг	Жылжымалы фосфор, мг/кг	Ылғалдылық, %	Жылжымалы күкірт, мг/кг	Азот нитраты, мг/кг
		МемСТ 26423-85	МемСТ 26213-91	МемСТ 26205-91	МемСТ 26205-91	МемСТ 28268-89	МемСТ 26490-85	МемСТ 26951-86
р /с	Топырақ үлгісі							
1	Нысан 1 (биоыдырауға дейін)	7,5	3,8	380,0	31,0	18,2	4,2	8,0
2	Нысан 2 (биоыдыраудан кейін)	7,6	3,3	240,0	28,0	18,4	3,8	6,0

5.8 Бөлім бойынша қорытынды

Алынған нәтижелерге сәйкес, 5.8 бөлім бойынша келесідей қорытынды жасалды:

1. «Жұмсақ» органосольвенттік әдісті жетілдіру арқылы SFH-тен алынған MCC және акриламид (AAm) мономерінің 1:1 қатынасында, массасы 10, 15 және 20 мг болатын тігуші агенттің көмегімен синтезделген гидрогель ішінен суда ісіну дәрежесі - 1176% және механикалық беріктілігі 27 МПа болатын MBA мәні 10 мг-ға тең MCCNG₁₀ гидрогелі тиімді болып табылды;

2. MCCNG₁₀ 5 күн ішінде топырақ бойындағы суға қанығып, 35 күнде сорбцияланған суды қайтадан топыраққа жібере отырып, коллапсқа ұшырайтындығы және 77 күнде гель өз көлемінің 66% жоғалта отырып, биологиялық ыдырауға ұшырайтындығы зерттелді;

3. Гидрогельдің биоыдырауға дейінгі (бастапқы) және биоыдыраудан кейінгі топырақ үлгілерінің химиялық құрамында айтарлықтай өзгеріс байқалмайтындығы белгілі болып, MCCNG₁₀ гидрогелінің құрамы топыраққа кері әсерін тигізбейтіні анықталды;

4. MCCNG₁₀ гидрогелінің химиялық құрлылымы ИҚ-спектроскопия, кристалдық құрылысы рентгендік дифрактометрия, беттік морфологиясы СЭМ микроскопта, термиялық тұрақтылығы ТГА қондырғысында, ылғалды ұстау мүмкіншілігі мен биоыдауы модельді топырақ қабатында зерттелді.

5.9 CNF-ның физико-химиялық қасиеттері

5.9.1 CNF алудағы шикізат:FA г/мл тиімді гидролиздеу қатынасын, орташа бөлшек өлшемдерін және дисперстілігін анықтау

34-суретте МСС:ФА 1/20 г/мл қатынасында құмырсқа қышқылдық гидролиздеу арқылы алынған целлюлоза наноталшығы (CNF) көрсетілген.



Сурет 34– МСС:ФА 1/20 г/мл қатынасында алынған CNF үлгісі

Әртүрлі реакциялық жағдайға құмырсқа қышқылдық гидролиздеу үдерісінің әсері 13-кестеде келтірілген. ФА-ның көлемдік үлесі өзгертіліп, МСС массасының тұрақты күйде сақталуы, целлюлоза наноталшығының әртүрлі шығымына алып келді. CNF-тің жоғары шығымы МСС:ФА-ның ең төменгі қатынасында, яғни, 1/20 болғанда $71,09 \pm 2\%$ құрады. Осы қатынаста алынған CNF-тің ұзындығы орташа есеппен 4530 ± 50 нм, ені – 38 ± 2 нм болатыны анықталып, ζ -потенциалы тұрақты күйде -15,8 мВ-ке тең болатындығы белгілі болды. ФА-ның жоғары мөлшерінде: 1/30 және 1/40 қатынастарында CNF шығымы сәйкесінше $49,18 \pm 2\%$ және $60,91 \pm 2\%$ -ға дейін төмендеді. Бұл жағдайда алынған бөлшектердің ұзындығы сәйкесінше 4017 ± 50 нм және 4017 нм, ал ені – 405 ± 15 нм және 548 ± 15 нм тең болды. ζ -потенциалының мәні -14,7 мВ және -11,8 мВ құрады. Яғни, реакциялық жағдайға байланысты CNF шығымы, бөлшек өлшемдері және ζ -потенциалының мәндері де әртүрлі мәнге ие болды. МСС:ФА-ның ең төменгі қатынасында CNF ең жоғары шығымға ие болып, бұл өз кезегінде құмырсқа қышқылының жоғары тазалықтағы және шығымы жоғары целлюлоза наноталшықтарын алуда тиімді гидролиздеуші агент бола алатынын көрсетеді. [340] зерттеу жұмысында да nanoцеллюлоза алуда әртүрлі гидролиздеу әдістерін қолдана отырып, нәтижесінде құмырсқа қышқылымен гидролиздеу барысында жоғары дәрежеде кристалданған, ұзынша таяқша тәрізді CNF алынған. Сондай-ақ, [341] зерттеуде лигноцеллюлозды материалды алдын ала өңдеуде қолданылған құмырсқа қышқылы/холин хлориді (F-DES) эвтектикалық ерітінділерінің CNC және CNF тиімді бөлініп алынуына әсерін қарастырып, алдын ала өңдеу мен фибрилдеуді біріктіру нәтижесінде CNC мен CNF жалпы шығымы шамамен 95%-ға жеткен.

Кесте 13 – Құмырсқа қышқылдық гидролиз әдісінің SFH-тен алынған CNF шығымы мен қасиеттеріне әсері


Үлгілер	Реакция уақыты, сағ	Шығымы, %	Кристалдық индекс (CI), (%)	Zeta-потенциал, мВ	Бөлшек өлшемдері, нм	
					Ұзындығы	Ені
CNF _{1/20}	6	71.09 ± 2	74.9 ± 4	-15.8	4530 ± 50	38 ± 2
CNF _{1/30}	6	49.18 ± 2	70 ± 4	-14.7	4017 ± 50	405 ± 15
CNF _{1/40}	6	60.91 ± 2	71.5 ± 4	-11.8	5205 ± 50	548 ± 15

5.9.2 УК-спектроскопиялық талдау

Синтезделген CNF ерітінділерінің мөлдірлігі 300–900 нм толқын ұзындығы аралығында көрінетін ультракүлгін спектроскопия (UV–visible) әдісі арқылы салыстырылды (35-сурет). Құмырсқа қышқылының ең аз мөлшерінде алынған CNF ерітіндісі ең жоғары мөлдірлікке ие болды, ал одан кейінгі орындарды FA-ның 1/30 және 1/40 қатынасымен дайындалған үлгілер иеленді. Ультракүлгін спектріндегі мөлдірлік CNF құрылымы мен өлшемдеріне тікелей байланысты. CNF_{1/20} үлгісінің жоғары мөлдірлігі оның біркелкі наноөлшемді талшықтарынан туындайды.

Үш үлгінің спектрлерінде 260–280 нм толқын ұзындығы аралығында ароматты сақинаның π - π (C=O) байланысына тән электрондық ауысулардың жұтылу жолақтары байқалмады (35-сурет). Бұл құбылыс лигнин мен гемицеллюлозаның толықтай жойылуымен түсіндіріледі [342] және бұл жағдай 36-суретте берілген ИҚ спектрлері арқылы айқын дәлелденеді.

[343] зерттеуде 200–400 нм аралығындағы ультракүлгін (UV) аймақта CNF үлгілері UV-сәулеленуді толық дерлік бөгепп, ультракүлгін сәулелердің өтімділігі өте төмен болғанын анықтаған. Зерттеу нәтижелері осы зерттеу жұмысының нәтижелеріне толық сәйкес келеді.




Сурет 35 – УК спектрлері: (A) CNF_{1/20}; (B) CNF_{1/30}; and, (C) CNF_{1/40}

5.9.3 ИҚ-спектроскопиялық талдау

36-суретте құмырсқа қышқылының әртүрлі қатынастарында алынған CNF және MCC үлгілерінің салыстырмалы ИҚ спектрлері көрсетілген. 3332 см⁻¹ аймағындағы кең жолақ CNF құрамындағы ОН топтарына сәйкес келеді, ал 2898 см⁻¹ шамасындағы әлсіздеу жолақ целлюлозадағы СН байланыстарының созылу тербелістерін сипаттайды [341].

1720 см⁻¹ аймағындағы әлсіз жолақ целлюлозадағы С–О созылу тербелістеріне сәйкес келеді. 1315,5 см⁻¹, 1333,4 см⁻¹ және 1368,3 см⁻¹ аймақтарындағы шағын жолақтар С–Н топтарының тербелістерін сипаттайды, ал 1428,4 см⁻¹ шамасындағы сәл интенсивті жолақ С–

H_2 топтарына тән $[100]$. 1028 см^{-1} аймағында байқалатын қарқынды жұтылу жолағы $C-O-C$ байланыстарының созылу тербелістеріне сәйкес келеді. Сонымен қатар, 1360 , 662 және 562 см^{-1} мәндеріндегі әлсіз жолақтар CNF құрылымындағы CN тербелістерінің (rocking vibrations) көрінісі болып табылады [344]. FA-ның әртүрлі массалық қатынастары кезінде шың қарқындылықтарындағы айырмашылықтарға қарамастан, ИҚ спектрлерінде құрылымдық өзгерістер немесе функционалдық топтарда айтарлықтай айырмашылықтар байқалмады. Бұл әртүрлі реакциялық жағдайларда алынған CNF құрылымдарының тұрақтылығын растайды. Демек, осы зерттеу аясында қолданылған шектерде FA-ның массалық қатынасы CNF құрылымдық тұрақтылығына аса әсер етпейді.



Сурет 36 – ИҚ спектрлері: а) MCC; б) $CNF_{1/20}$; в) $CNF_{1/30}$; г) $CNF_{1/40}$.

5.9.4 X-гау дифрактометрлік талдау


37-суретте SFH, MCC және $CNF_{1/20}$, $CNF_{1/30}$, $CNF_{1/40}$ үлгілерінің салыстырмалы дифрактограммалары көрсетілген.

37а-суреттегі бастапқы SFH үлгісінің рентгендік дифрактограммасында $2\theta=21,71^\circ$ мәнінде дифракциялық пик байқалады. Бұл аморфты көміртекке тән сипаттамалық сигнал болып табылады [345]. Бастапқы шикізат құрамында кристалдық целлюлозаның дифракциялық пиктерінің байқалмауы талшықтар бетінің лигнин, гемицеллюлоза, пектин сияқты балауыз тәрізді заттармен жабылғандығымен түсіндіріледі. Бұл құрылымдар 38а,б-суреттерде берілген СЭМ кескіндерінен анық көрінеді.

MCC-дің кристалдық құрылымы екі тізбекті моноклинді болып табылады (37б-сурет). MCC дифрактограммасында микрокристалды целлюлозаның сипаттамалық пиктері $2\theta=15,2^\circ$ (1-10), $21,88^\circ$ (200) және $34,85^\circ$ (004) мәндерінде байқалады, бұл пиктер целлюлоза Іβ фазасына тән рентгендік көріністерге сәйкес келеді [7]. Сонымен қатар, алынған CNF үлгілерінің дифрактограммалары да MCC-дің кристалдық құрылымына сай келеді.

Алынған нәтижелер FTIR және UV-спектроскопиялық талдаулармен өзара үйлесімді. Құмырсқа қышқылының массалық үлесі CNF-тің кристалдық құрылымына аса әсер етпегені байқалды. FA негізінде жүргізілген гидролиз целлюлозаның аморфты аймақтарын тиімді ерітіп, нәтижесінде кристалдылығы артқан целлюлоза наноталшықтардың түзілуіне ықпал етеді [345]. SFH негізінде алынған MCC-дің кристалдық индексі $68 \pm 4\%$ құрады. Ал, осы MCC негізінде алынған CNF үлгілерінің кристалдық индекстері келесідей: $\text{CNF}_{1/20}$ – $74,9 \pm 4\%$, $\text{CNF}_{1/30}$ – $70 \pm 4\%$ және $\text{CNF}_{1/40}$ – $71,5 \pm 4\%$ (13-кесте).

[346] зерттеуде CNF-тің XRD талдауы нәтижесінде үш негізгі бұрышта дифракциялық пиктер байқалған: $15,5^\circ$ (110), 23° (200), 34° (004). Аталмыш пиктер осы зерттеуде $15,2^\circ$, $21,88^\circ$ және $34,85^\circ$ градуста тіркелді. Осылайша, басқа да шикізат көздерінен алынған CNF-тің XRD талдауы осы зерттеу нәтижелерімен сәйкес келеді. [347] зерттеу жұмысында да CNF талшықтарының XRD талдауы $2\theta = 14,7^\circ$, $16,3^\circ$, $22,6^\circ$ және $34,7^\circ$ тең болып, жоғары кристалдылық дәрежесіне ие болған. Тағы бір зерттеуде [348], мақта талшықтарынан алынған наноцеллюлозаға талдау жүргізіп, оның жоғары кристалдылыққа ие екенін және $2\theta = 14^\circ$, 16° , 22° және 34° аймақтарында тіркелген пиктер осы зерттеу нәтижесімен сәйкес екендігін көрсетті.




Сурет 37 – XRD дифрактограммалары: а) SFH; б) MCC; в) $\text{CNF}_{1/20}$; г) $\text{CNF}_{1/30}$; д) $\text{CNF}_{1/40}$

5.9.5 СЭМ талдау

38-суретте FA мен MCC қатынастарының әртүрлі мандерінде алынған CNF үлгілерінің беткі морфологиясы салыстырмалы түрде көрсетілген.

7a,b-суреттерде CNF_{1/20} үлгісінің беткі морфологиясы таспа тәрізді талшықтар түрінде көрініп, олардың диаметрі шамамен 35–40 нм екені анық байқалады. Ал, 7c,d-суреттерде FA-ның жоғары қатынастарында алынған CNF_{1/30} және CNF_{1/40} үлгілерінің беткі морфологиясы берілген, бұл үлгілерде талшықтар немесе бір-бірімен байланысқан фибрилдік құрылымдар анық байқалмайды. Алынған СЭМ нәтижелері 13-кестеде көрсетілген бөлшектердің орташа өлшемдерімен толық сәйкес келеді.


[346] зерттеуде бидай сабанының қалдықтарынан алынған наноцеллюлоза үлгілері осы зерттеудегі таспа тәрізді құрылымға қарағанда, шар тәрізді морфологияға ие болғаны айтылған. Сонымен қатар, [349] зерттеуде мақта талшықтарынан алынған CNF үлгілерінің таяқша тәрізді морфологияға ие екені зерттелген.



Сурет 38– үлгілерінің СЭМ фотосуреттері:
a,b) CNF_{1/20}; c,d) CNF_{1/30}; e,f) CNF_{1/40}

5.9.6 ТЭМ талдау

ФА-ның әртүрлі көлемдік қатынасында алынған CNF үлгілерінің TEM талдау нәтижелері 39-суретте көрсетілген. 39a-суретте CNF_{1/20} үлгісіндегі целлюлоза наноталшығы жеке-жеке анық көрінеді. CNF талшықтарының орташа диаметрі 38 ± 2 нм құрап, ұзындықтары бірнеше микронға дейін жеткен. Ал 39b және 39c-суреттерде CNF_{1/30} және CNF_{1/40} үлгілеріндегі талшықтардың орташа өлшемдері CNF_{1/20} үлгісіне қарағанда ірі екені байқалады. Бұл нәтижелер 13-кестеде келтірілген деректермен толық сәйкес келеді.



Сурет 39 – CNF үлгілерінің TEM фотосуреттері:


a) CNF_{1/20}; b) CNF_{1/30}; c) CNF_{1/40}.

5.9.7 ТГА талдау

Термогравиметриялық талдау CNF үлгілерінің термиялық тұрақтылығын зерттеу үшін қолданылды. 40-суретте ФА-ның әртүрлі көлемдік қатынасында алынған CNF үлгілерінің термогравиметриялық қисықтары көрсетілген. Талдау әрбір үлгінің 800°C-қа дейін үздіксіз қыздыру кезінде массаның жоғалуын зерттеу негізінде жүргізілді. Үлгілердің бастапқы массаның жоғалуы 103 және 108°C шамасында байқалды, бұл өңдеу жағдайларына қарамастан, талшықтардағы конденсацияланған су молекулаларының булануымен түсіндіріледі. Температураның артуымен массаның күрт төмендеуі байқалды. Барлық CNF үлгілері үшін ыдыраудың екі кезеңі орын алды. Бірінші кезеңде термиялық ыдырау процесі 223-580°C температура аралығында өтті, бұл аралықта барлық үлгілер өздерінің бастапқы массасының шамамен 80%-ын жоғалтты. Целлюлозаның бұл ыдырауы целлюлозадағы гликозидтік байланыстардың ыдырауына байланысты болды [7,100].

Екінші кезең 615-700°C температура аралығында өтті және бұл CNF құрамындағы күйген қалдықтардың оксидтенуі мен кейіннен ыдырауына байланысты болды. 700°C жеткеннен кейін байқалған шағын ыдырау да осы күйген қалдықтардың болуына байланысты. Термогравиметриялық талдаудан CNF үлгілерінің ФА мөлшеріне қарамастан өте тұрақты екендігі байқалды, алайда 300°C жоғары температурда CNF_{1/20} ең тұрақты үлгі болып табылды. Үлгілер арасындағы термиялық тұрақтылықта айырмашылық өте аз, себебі олардың барлығы максималды термиялық ыдыраудың басталу температурасында бірдей нәтижелер көрсетеді. CNF-тердің термиялық

тұрақтылығын және термиялық қасиеттерін анықтау қолдану тұрғысынан маңызды, себебі көпшілік термопластикалық материалдардың өңдеу температурасы 150-250°C аралығында болады. Сондықтан, табиғи талшықтардың 300°C жоғары температурадағы тұрақтылығы олардың биокөмпозит ретінде потенциалды қолдану мүмкіншілігін көрсетеді.



Сурет 40 – CNF үлгілерінің ТГА қисықтары:
а) CNF_{1/20}; б) CNF_{1/30}; в) CNF_{1/40}.

5.10 Бөлім бойынша қорытынды

Алынған нәтижелерге сәйкес, 5.10 бөлім бойынша келесідей қорытынды жасалды:

1. «Жұмсақ» органосольвенттік әдісті жетілдіру арқылы SFH-тен алынған МСС-дан құмырсқа қышқылдық (FA) гидролиздеу әдісі арқылы целлюлоза наноталшығы синтезделіп, МСС:FA үшін тиімді гидромодуль сәйкесінше 1:20 г/мл болатындығы анықталды;

2. Тиімді гидромодульдегі CNF-тің шығымы жоғары – 71,09%, Zeta-потенциалының мәні -15,8 мВ-ке тең болатындығы белгілі болды;

3. МСС:FA 1:20, 1:30, 1:20 г/мл қатынасында алынған CNF үлгілерінің химиялық құрлылымы ИҚ-спектроскопия, тазалығы УК-спектроскопия, кристалдық құрылысы рентгендік дифрактометрия, беттік морфологиясы СЭМ және ТЕМ микроскоптарында, термиялық тұрақтылығы ТГА қондырғысында зерттелді.

5.11 CNC-ның физико-химиялық қасиеттері


5.11.1 CNC орташа бөлшек өлшемдерін және дисперстілігін анықтау

«Жұмсақ» органосольвенттік әдісті жетілдіру арқылы SFH-тен алынған МСС-дан CNC алу [7] зерттеуге сәйкес жүргізілді. CNC-ның шығымы және бөлшек өлшемдері 14-кестеде көрсетілген. Алынған нәтижелерге сүйене отырып, МСС:H₂SO₄ 1:10 г/мл гидролиздеу қатынасында CNC ұзындығы бойынша 424±150 нм, диаметрі 129,2±30 нм тең болып, алдыңғы зерттеу нәтижелерімен сәйкес келетінін көруге болады. CNC-ның Zeta потенциалының мәні -23,6 мВ тең болды (41-сурет). Бұл ауыр металл иондарын сорбциялауға қабілетті сорбент синтездеуге жақсы мүмкіндік


береді. Сонымен қатар, 42-суретте CNC-ның ақ түсті біртекті ерітіндісі 10, 20, 30 күннен кейін де тұнбаға түспей, өзгеріссіз қалатынын байқауға болады. Бұдан CNC бөлшектерінің дисперстілігі өте жоғары екендігін көреміз.

Кесте 14 – Күкірт қышқылымен өңделген CNC-ның шығымы және бөлшек өлшемдері

Үлгі	Шығымы, %	Кристалдық индекс (CI), (%)	Zeta-потенциал, мВ	Бөлшек өлшемдері, нм	
				Ұзындығы	d
CNC _{SFH}	35,6±0,5	65,0±4	-23,6	424,0±150	129,2±30




Сурет 41 –MCC:H₂SO₄ 1:10 г/мл гидролиздеу қатынасында алынған CNC-ның орташа бөлшек өлшемі



Сурет 42 – CNC суспензиясы: а) 10 күннен кейін; б – 20 күннен кейін; с) 30 күннен кейін

5.11.2 ИҚ-спектроскопиялық талдау

43-суретте күкіт қышқылдық гидролиздеудің 1:10 г/мл гидромодулінде алынған CNC-ның MCC-мен салыстырмалы ИҚ-спектрлері көрсетілген. ИҚ-спектроскопиялық зерттеу нәтижелері бойынша барлық үлгілердің спектрлерінде келесі жұтылу жолақтары тіркелді: 655,9 см⁻¹ – С–ОН топтарының жазықтықтан тыс тербелісі [296,297]; 891 см⁻¹ және 1153,6 см⁻¹ – β-(1→4)-гликозидті С–О–С байланысына тән тербелістер (аморфты құрылым бөлігі) [298,299]; 1014,7 см⁻¹ және 1153,6 см⁻¹ аймағындағы жоғары интенсивті жолақтар – ароматты сақинадағы С–О және С–С байланыстарының тербелістерін көрсетеді; 1053,3 см⁻¹ – пираноза сақинасындағы С–О–С байланысының созылмалы тербелісі; 1253,9 см⁻¹, 1307,9 см⁻¹ және 1365,8 см⁻¹ – С–Н және СН₂ топтарының тербелістерімен сәйкестендірілді [298,300]; 1412,1 см⁻¹ – метилен топтарына тән тербелістер [298]; 1635,9 см⁻¹– целлюлозаның ауадан сорбциялаған су молекуласындағы сутектік байланыс арқылы О–Н тербелісімен байланысты [300]; 2889,8 см⁻¹ және 3337,8 см⁻¹ – сәйкесінше, С–Н және О–Н топтарының созылмалы тербелісіне тән жұтылу жолақтары тіркелді [298,301,302]. MCC спектрінде 1516,2 см⁻¹ толқын саны лигниннің ароматты сақинасындағы С=С байланыс тербелісіне [303], ал 1724,6 см⁻¹ – гемицеллюлоза құрамындағы ацетильдік және күрделі эфирлік топтардың (С=О) созылмалы тербелісіне сәйкес келеді [7,287].




Сурет 43 – ИҚ спектрлері: а) МСС; б) МСС:Н₂SO₄ 1:10 г/мл гидролиздеу қатынасында алынған CNC

5.11.3 X-ray дифрактометрлік талдау

44-суретте микрокристалдыцеллюлоза (МСС) және целлюлоза нанокристалының (CNC) рентгендік дифрактограммаларының салыстырмалы қисықтары келтірілген. CNC үлгісінің дифрактограммасында үш негізгі дифракциялық пик тіркелді: $2\theta=15,6^\circ$ (101), $22,0^\circ$ (002) және $34,5^\circ$ (004). Бұл көрсеткіштер целлюлозаның екі тізбекті моноклиндік I β кристалдық формасына тән дифракциялық сигналдар болып табылады [287].

Күкірт қышқылымен жүргізілген гидролиз нәтижесінде целлюлозаға тән емес компоненттер – қалдық лигнин, гемицеллюлоза, сондай-ақ целлюлозаның аморфты бөлігі тиімді түрде жойылып, α -целлюлозаның үлесі артқаны байқалды. Бұл CNC құрылымының кристалдық дәрежесінің жоғарылағанын және гидролиздің селективті жүріп, құрылымдық тазалануды қамтамасыз еткенін дәлелдейді [305].




Сурет 44 – МСС және CNC-ның салыстырмалы рентгендік дифрактограммасы

5.11.4 СЭМ талдау

45-суретте берілген СЭМ микрофотографиясына сәйкес, күкірт қышқылдық гидролиз нәтижесінде алынған CNC-ның беттік морфологиясы агломерацияланған фибриллдердің түзілуімен сипатталатыны анықталды. Гидролиз процесі микрокристалды талшықтардың өлшемін едәуір төмендеткенін көрсетеді (45b-сурет). Бұл құрылымдық өзгеріс талшықтардың нано өлшемдегі фрагменттерге дейін ыдырауымен байланысты.

Сонымен қатар, алынған нанофибрилдердің агломерациясы молекулааралық сутектік байланыстардың түзілуі нәтижесінде орын алуы ықтимал. Бұған ұқсас нәтижелер [346,349] зерттеулерде де байқалады. Онда әртүрлі лигноцеллюлозалық шикізаттан қышқылдық гидролиз арқылы алынған CNC бөлшектерінің агломерациялануға бейім екендігі және олардың орташа диаметрі шамамен 50-150 нм аралығында болатындығы көрсетілген.


Алынған нәтижелер SFH негізінде алынған CNC үлгілерінің морфологиялық сипаттамалары сапалық тұрғыдан бәсекеге қабілетті екенін көрсетеді.



Сурет 45 – CNC-ның беттік морфологиясының микрофотографиясы

5.11.5 ТГА талдау

46-суретте МСС, және CNC-ның термиялық тұрақтылықтарын сипаттайтын салыстырмалы термограммалары көрсетілген. Барлық үлгілер массаларының азаюын үш кезеңге бөліп қарастыруға болды. Бірінші кезеңдеаудан сорбцияланған су молекулаларының булануынан массаның азаюы CNC үшін 77–178°C температура аралығында байқалса, бұл МСС-да 115-298°C байқалып, үлгілер шамамен 12% массасын жоғалтты. Үлгілер массаларының көп мөлшерде жоғалуы екінші кезеңде орын алып, МСС үшін 298-384°C температура аралығында, CNC үшін 178-545°C аралығында жүзеге асты. МСС мен CNC сәйкесінше 60%, 98% бөліктерін жоғалтты. Осы температура аралығында үлгілер күшті деполимеризацияланып, ұшқыш CO, CO₂ және CH₄ түзілуі жүзеге асады [299]. CNC-ның термиялық тұрақтылықтары МСС салыстырғанда бір температуралық режимге төмендеу болды. Бұл ЦНК-ның бетіндегі сульфотоптардың тез ыдырауымен байланысты [299,309]. Ал үшінші кезеңде левоглюкозан, кокс және сутегі, этилен, этан мен смола сияқты аралық ұшқыш өнімдердің термиялық ыдырауы жүзеге асады [299].



Сурет 46 –MCC және CNC-ның термиялық тұрақтылық қисығы

5.12 Бөлім бойынша қорытынды

Алынған нәтижелерге сәйкес, 5.12 бөлім бойынша келесідей қорытынды жасалды:

1. «Жұмсақ» органосольвенттік әдісті жетілдіру арқылы SFH-тен алынған MCC-ны күкірт қышқылдық гидролиздеу әдісі арқылы алынған CNC-ның шығымы $35,6 \pm 0,5\%$, орташа бөлшек өлшемі: ұзындығы – 424 ± 150 нм, диаметрі – $129,2 \pm 30$ нм-ге тең болатындығы зерттелді. CNC-ның Zeta потенциалы теріс мәнге, яғни $-23,6$ мВ тең екендігі анықталды;

2. СЭМ нәтижелері CNC-ның біртекті таяқша тәрізді нанопибриллдардан тұратындығын көрсетті;

3. CNC үлгісі 178 - 545°C температура аралығында деградацияға ұшырап, массасының 98% -ын жоғалтты.

5.13 HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогелінің кинетикалық сипаттамасы

5.13.1 HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогелінің суда ісіну кинетикасы мен дәрежесі


47-суретте тиімді мөлшерде (10 мг) қолданылған тігуші агент жағдайында наноталшықты (CNF) және нанокристалды (CNC) целлюлоза негізінде синтезделген гидрогельдердің суда ісіну қабілеті көрсетілген.

Суда ісіну процесі барысында гидрогель құрылымына су молекулалары оңай диффузияланып енеді, нәтижесінде олардың ісіну коэффициенті едәуір жоғары мәнге ие болатыны анықталды. Атап айтқанда, CNF негізіндегі гидрогельдің (HG_{CNF}) алғашқы екі сағаттағы ісіну дәрежесі 760% -ға жетсе, 48 сағат ішінде бұл көрсеткіш 1090% -ға дейін артты. Ал CNC негізіндегі гидрогельде (HG_{CNC}) сәйкесінше ісіну дәрежесі алғашқы екі сағатта 746% , ал екі тәулікте 1012% жетті.

Алынған нәтижелерге сүйене отырып, HG_{CNF} гидрогелінің сорбциялық сыйымдылығы HG_{CNC} -мен салыстырғанда жоғары болатындығы анықталды. Яғни, CNF негізіндегі гидрогель суды орта есеппен 78% -ға артық сорбциялайды. Бұл көрсеткіш гидрогельдердің ішкі құрылымдық

айырмашылықтарына, атап айтқанда наноталшықтар мен нанокристалдардың морфологиясына және суды байланыстыру қабілетіне байланысты [311,314].

Сонымен қатар, наноцеллюлоза негізіндегі гидрогельдердің ісіну дәрежесі MCChydrogel-мен салыстырғанда 86-164%-ға төмен болғанын көреміз. Бұл айырмашылық гидрогельдердің тор құрылымы тығыздығы мен ішкі пораларының ерекшеліктеріне байланысты болуы мүмкін.




Сурет 47 – HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогелінің суда ісіну кинетикасы

5.13.2 HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогелінің ісіну-жиырылу кинетикасына рН ортаның әсері

HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогелінің рН ортаға тәуелді ісіну кинетикасы 48-суретте көрсетілген. Зерттеу нәтижелері барлық үлгілерде рН мәні 3,5–4,5 аралығында болғанда гидрогельдердің ісіну дәрежесі едәуір төмендейтінін, сәйкесінше олардың сорбциялық қабілеті азаятындығын көрсетті. Бұл құбылыс гидрогельдің құрылымындағы карбоксил топтарының диссоциациялану деңгейінің төмен болуымен түсіндіріледі, нәтижесінде тор ішіндегі осмостық қысым да азаяды [320]. рН мәні 4,5-тен жоғарылай бастаған сәттен бастап гидрогельдердің ісіну дәрежесі біртіндеп арта түсті және бейтарап ортаға (рН≈6,5) жақындаған кезде ісінудің ең жоғары дәрежесіне жетті. Нақтырақ айтқанда, HG_{CNF} үлгісінің ісіну дәрежесі 150%-ды, ал HG_{CNC} үлгісінде 135%-ды құрады. Бұл көрсеткіштер HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогельдерінің бейтарап ортада суды жоғары тиімділікпен сорбциялай алатынын дәлелдейді.

Сонымен қатар, рН ортасы сілтілік мәндерге (рН > 7) жақындаған сайын сорбциялық қабілет төмендей бастайды. Бұл кезде гидрогельдің құрылымы коллапс процесіне ұшырап, тор жүйесінің тығыздалуы нәтижесінде суды сіңіру мүмкіндігі шектеледі. Зерттеу нәтижесінде рН=9 жағдайында гидрогельдердің ісіну дәрежесі минимум деңгейге дейін төмендеп, бастапқы мәндерге жақындайтыны анықталды.

Зерттеу нәтижесі HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогельдерінің рН ортаның өзгерісіне сезімтал және бейтарап рН аймағында тиімді сорбент ретінде қолданылуға қабілетті екенін дәлелдейді.




Сурет 48 – HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогелінің ісінуіне ерітіндінің рН әсері

5.13.3 HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогелінің ісіну-жиырылу кинетикасына иондық күштің әсері

49-суретте HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогелінің әртүрлі концентрациядағы натрий хлориді (NaCl) ерітіндісінде ісіну кинетикасы көрсетілген. Зерттеу нәтижелері гидрогельдердің ісіну дәрежесі ерітіндідегі NaCl концентрациясының артуына қарай біртіндеп төмендейтінін көрсетті. Бұл электролиттік ортада орын алатын осмостық және иондық өзара әрекеттесулерге байланысты. Атап айтқанда, NaCl концентрациясы 0,001–0,2 mol/L аралығында болғанда гидрогель коллапсқа ұшырап, HG_{CNF} үлгісінің ісіну дәрежесі 57%-ға дейін, ал HG_{CNC} үлгісінде 55%-ға дейін төмендеді. Бұл гидрогель торларындағы су мөлшерінің азаюымен, дәлірек айтқанда, су белсенділігінің төмендеуімен түсіндіріледі. Мұндай жағдайда гель ішіндегі судың химиялық потенциалы сыртқы ерітіндіге қарағанда жоғары болғандықтан, судың гелден ерітіндіге қарай диффузиялануы орын алады.

NaCl концентрациясы 0,2–1,0 mol/L аралығында болғанда гидрогельдердің ісіну дәрежесінде айтарлықтай өзгеріс байқалмады. Бұл тепе-теңдік жағдайының орнауымен түсіндіріледі. Яғни, гидрогель құрылымы сыртқы электролиттік ортаға бейімделіп, иондық алмасу шегіне жеткендіктен, суды қосымша сорбциялау немесе шығару процесі тоқтайды.

Зерттеу нәтижелері гидрогельдердің электролиттік ортаға, нақтырақ айтқанда, ион концентрациясының өзгерісіне сезімталдығын көрсетеді. Бұл қасиет гидрогельдерді биомедицинада, ауыл шаруашылығында және қоршаған ортаны қорғау саласында мақсатты ортаға бейімделетін сорбенттер ретінде қолдануға мүмкіндік береді.




Сурет 49 – Бейорганикалық тұз концентрациясының HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогелінің ісіну коэффициентіне әсері

5.13.4 HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогелінің ісіну-жиырылу кинетикасына органикалық еріткіштің әсері

50-суретте су-этанол бинарлы ерітіндісінің құрамындағы этанол мөлшерінің HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогельдердің ісіну кинетикасына әсері көрсетілген. Зерттеу нәтижелері этанол үлесі артқан сайын гидрогельдің ісіну дәрежесінің төмендейтінін көрсетті. Дәлірек айтқанда, су-этанол қоспасында этанолдың үлесі 60%-ға жеткенге дейін гидрогель құрылымында айтарлықтай жиырылу процесі байқалды. Бұл жағдайда HG_{CNF} гидрогелінің ісіну дәрежесі 79%-ға, ал HG_{CNC} үлгісінде 81%-ға дейін төмендеді. Бұл этанолдың гидрогель торларындағы полярлық әрекеттесулерді әлсіретіп, тор құрылымын коллапсқа ұшырайтынын көрсетеді. Этанолдың концентрациясы 60%-дан 100%-ға дейін артқан жағдайда, гидрогельдердің ісіну дәрежесінде айтарлықтай өзгеріс байқалмады, бұл құрылымның тұрақты күйге өткенін көрсетеді.

[325,326] зерттеулерде осыған ұқсас нәтижелер алынып, полярлығы жоғары еріткіштердің гидрогельді құраушы мономер молекулаларындағы карбоксил ($-COOH$) және гидроксил ($-OH$) топтарымен өзара әрекеттесіп, тор құрылымындағы сутектік байланыстар жүйесіне әсер ететіні баяндалған. Нәтижесінде, судың орнына органикалық еріткіштердің енуі тор құрылымын бұзып, ісіну қабілетінің төмендеуіне алып келеді. Зерттеу нәтижелері гидрогельдердің полярлы органикалық еріткіштерге сезімталдығын дәлелдей отырып, олардың қоршаған орта жағдайына бейімделгіш материалдар ретінде қолдану мүмкіндігін кеңейтеді.




Сурет 50 – Этанолдағы HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогелінің ісіну кинетикасы

5.14 HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогелінің физико-химиялық қасиеттері

5.14.1 СЭМ талдау

51-суреттегі СЭМ талдауы нәтижесінде HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогелінің морфологиясы біртекті, бірақ беткі қабаты тегіс емес мезопоралы морфологияға ие екені анықталды. Мезопоралардың түзілуі гидрогель құрылымындағы ашық және бос кеңістіктердің қалыптасуымен, сондай-ақ, мономер молекулаларында орын алатын гидроксил және карбоксилат аниондарының иондық табиғатынан туындайтын электростатикалық тебіліс күштерімен (electrostatic repulsions) тікелей байланысты. Бұл тебіліс күштері полимер торының кеңеюіне ықпал етіп, гидрогельдің ішкі құрылымында су молекулаларына арналған бос кеңістіктің артуына әкеледі. Осының нәтижесінде, су молекулалары гидрогельге еркін еніп, жоғары ісіну дәрежесімен сипатталатын сорбциялық қасиеттерге қол жеткізіледі. Бұл құбылыс HG_{CNF} және HG_{CNC} үлгілерінің ісіну кинетикасын сипаттайтын 47-суретте нақты дәлелденген.


[329] зерттеуде целлюлоза негізіндегі гидрогельдердің мезопоралы құрылымға ие болатыны атап өтілген. Осыған сәйкес, алынған СЭМ нәтижелері зерттеліп отырған HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогелдеріне тән құрылымдық сипаттамалармен үйлесімді екендігін растайды.



Сурет 51 – HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогелінің СЭМ фотосуреті

5.14.2 ИҚ-спектроскопиялық талдау

НГ_{CNF} және НГ_{CNC} гидрогелінің химиялық құрылымы FTIR-да зерттелді (52-сурет).



Сурет 52 – ИҚ спектрлері: а) CNCHG; б) CNFHG


НГ_{CNF} және НГ_{CNC} гидрогелінің FTIR спектрінде целлюлозаға тән келесідей жұтылу жолақтары тіркелді: 1033,2 см⁻¹ аморфты аймаққа тән β-(1,4) гликозидті С–О–С байланысының тербелістері; 1073,5 см⁻¹ пирраноза сақинасындағы С–О байланысы мен ароматты сақинадағы С–С және С–О байланыстарына сәйкес келетін жұтылу жолақтары; 1318,7 см⁻¹ С–Н байланыстарының деформациялық тербелістері; 3337,1 см⁻¹ целлюлоза молекуласындағы СН және ОН топтарының валентті тербелісіне тән белсенді жұтылу жолақтары.

Сонымен қатар, синтез барысында қолданылған мономер ААm-тегі – НС=СН байланысына тән 685-995 см⁻¹, С–Н сипаттайтын 1140-1440 см⁻¹ және С=С сәйкес келетін 1615 см⁻¹ тербеліс сигналдарының әлсіреуі байқалады. Бұл сигналдардың интенсивтілігінің төмендеуі мономердің полимерлену процесі нәтижесінде реакцияға толық түскенін және полимер торына енгенін көрсетеді [331]. Алынған өнімнің спектрінде целлюлоза молекуласындағы гидроксил (–ОН) топтары мен ААm мономеріндегі амин (–NH₂) топтарының арасында түзілген молекулааралық сутектік байланыстардың бар екенін дәлелдейді. Бұл өз кезегінде целлюлоза молекуласының гидрогель торына біртекті және толық енгенін көрсетіп, алынған композиттік материалдың құрылымдық тұтастығы мен тұрақтылығын сипаттайды [332].

5.14.3 X-рау дифрактометрлік талдау

53-суретте НГ_{CNF} және НГ_{CNC} гидрогелінің рентгендік дифрактограммалары салыстырмалы түрде көрсетілген. Үлгілер дифрактограммасында төрт дифракциялық пиктер тіркелді. Олар 2θ=15,4° (1-

10), (110), $22,4^\circ$ (200), $29,3^\circ$ (210), $35,3^\circ$ (004) тең. Бұл нәтижелер гидрогельдердің құрылымында кристалдық және аморфты аймақтардың қатар кездесетінін, сондай-ақ полимер торының кеңістіктік құрылымында жартылай кристалдық қасиеттердің сақталғанын растайды. $2\theta=15,4^\circ$ пайда болған дифракциялық пик екі тізбекті моноклиник, целлюлоза I β -ге тән, яғни, целлюлозаның (1–10) және (110) жазықтықтарына сәйкес келеді [7, 303]. $22,4^\circ$ пайда болған пик гидрогельде целлюлозаның кристалдық құрылымы біршама жақсы сақталғанына ықпалдайды. Ал, $2\theta=22,4^\circ$, $29,3^\circ$ жаңа дифракциялық пиктердің пайда болуы гидрогельде жаңа құрылымдық фазаның пайда болғанын білдіреді. Гидрогельдердің рентген дифрактограммасын құрамында жартылай кристалдық құрылымның сақталғанын және МВА-мен тігілу әсерінен жаңа аралық немес кристалдық фазаның пайда болғанын көрсетеді [329]. Бұл гидрогелдің механикалық беріктігін, суды сіңіру мен термиялық қабілетін және құрылымдық тұрақтылығын арттырады.




Сурет 53 – HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогелінің XRD дифрактограммалары

5.14.4 ТГА талдау

HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогелдерінің термиялық тұрақтылығын бағалау мақсатында термогравиметриялық талдау жүргізілді (54-сурет). Термограммаларға сүйене отырып, гидрогельдердің массалық өзгерісі екі негізгі кезеңге бөлінді. Бірінші кезең – ауадан сорбцияланған бос су молекулаларының булануы. HG_{CNC} үшін су молекулаларының десорбциясы $89,7-248,7^\circ\text{C}$ аралығында жүзеге асып, массасының 8,5% жоғалтса, HG_{CNF} үшін $65,1-164,5^\circ\text{C}$ температура аралығында орын алып, өз массасының 9,8% жоғалтады. Екінші кезең – полимер матрицасының термиялық ыдырауы. Бұл процесс $250-700^\circ\text{C}$ температурааралығында орын алып, гидрогель бастапқы

массасының 95% бөлігін жоғалтады. Бұл термиялық тұрақсыздық макромолекуланың ыдырауына және ұшқыш өнімдердің (CO , CO_2 , CH_4) түзілуіне байланысты орын алады. Гидрогель құрылымындағы мономерлердің молекулааралық сутектік байланыстары оның жоғары термиялық тұрақтылығына ықпал еткен. Алынған нәтижелер [329] және өзге де зерттеулерде келтірілген мәліметтермен сәйкес келеді, бұл алынған гидрогель үлгілерінің жылу әсеріне төзімділігін растайды.



Сурет 54 – HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогелінің ТГА қисықтары


5.15 HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогелінің Cu^{2+} ионын сорбциялау мүмкіншілігі

HG_{CNF} және HG_{CNC} гидрогельдерінің Cu^{2+} ионын сорбциялау қабілетіне жүргізілген зерттеу нәтижелері 15-кестеде берілген. Зерттеу концентрациясы $1 \cdot 10^{-2}$ моль/л болатын мыс нитратының модельді ерітіндісінде жүргізілді. Сорбция процесінен кейінгі ауыр металл ионының гидрогель құрамындағы сандық мөлшері екі түрлі аналитикалық әдіспен – ультракүлгін (УК) спектрометрия және индуктивті байланысқан плазмалық масс-спектрометрия (ICP-MSA) арқылы анықталды.

Зерттеу нәтижесінде УК спектрометрлік әдіс бойынша HG_{CNF} гидрогелі Cu^{2+} ионын орта есеппен 46,0% сорбциялайтыны белгілі болды, ал HG_{CNC} гидрогелі үшін бұл көрсеткіш 48,0%-ды құрады. Аталған әдіс металл иондарының ерітіндідегі оптикалық тығыздығының өзгерісіне негізделгендіктен, алынған нәтижелер сорбция процесінің жалпы бағытын сипаттайды.

Салыстырмалы түрде жоғары дәлдікпен жүргізілетін ICP-MSA әдісі нәтижелері бойынша HG_{CNF} гидрогелінің сорбциялық қабілеті 48,4%, ал HG_{CNC} гидрогелі үшін 51,5%-ға жеткені анықталды. Бұл көрсеткіштер аталған гидрогельдердің ауыр металл ионын тиімді сорбциялай алатындығын дәлелдейді. Сонымен қатар, екі әдіс бойынша алынған нәтижелердің өзара

сәйкестігі зерттеу нәтижесінің сенімділігін арттырып, сорбция процесінің репродуктивтілігі мен тұрақтылығын көрсетеді.



Сурет 55 – а) Сорбцияға дейінгі HG_{CNF} ; б) Cu^{2+} ионын сорбциялағаннан кейінгі HG_{CNF}

Кесте 15 – Наноцеллюлоза негізіндегі гидрогельдердің Cu^{2+} ионын сорбциялау мүмкіншілігі

Үлгі	УК спектроскопия		ICP-MS	
	Cu ²⁺			
	Концентрация, г/л	Сорбциялау дәрежесі, %	Концентрация, г/л	Сорбциялау дәрежесі, %
HG _{CNC}	0,31	48,4%	0,33	51,5%
HG _{CNF}	0,30	46,8%	0,31	48,4%

5.16 Бөлім бойынша қорытынды

Алынған нәтижелерге сәйкес, 5.16 бөлім бойынша келесідей қорытынды жасалды:

1. «Жұмсақ» органосольвенттік әдісті жетілдіру арқылы SFH-тен алынған MCC-ны қышқылдық гидролиздеу әдісі арқылы алынған CNC және CNF негізіндегі гидрогелдердің мыстың модельді ерітіндісінен 51,5% және 48,4% Cu^{2+} ионын сорбциялайтындығы белгілі болды.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Ауылшаруашылық қалдығы болып табылатын күнбағыс (SFH) және күріш (RH) қауызынан МСС алудың «жұмсақ» органосольвенттік әдісі делигнификациялаушы агент – сірке қышқылының концентрациясын 52%-дан 44%-ға төмендету арқылы жетілдірілді және МСС-дің сапалық көрсеткішіне шикізаттың сорттық ерекшелігі мен шикізат өсірілген аймақтың әсері салыстырмалы түрде анықталды.

2. SFH және RH қауызынан МСС-ны жетілдірілген «жұмсақ» органосольвенттік әдіспен алу барысында тиімді гидромодуль SFH және RH үшін сәйкесінше 1:12 және 1:10 г/мл төмендейтіні анықталды.

3. Майлылығы 52-54% болатын Altai SFH сортына қарағанда, майлылығы төмен, яғни 33,7% болатын Belosnezhka сортының МСС шығымы $50,69 \pm 2\%$ болып, сәйкесінше α -целлюлоза мөлшері де жоғары (67,53%) болады. Сонымен қатар, майлылығы жоғары SFH сортынан МСС алу үшін салыстырмалы түрде оптималды гидромодуль саны 2 мл артық жұмсалып, целлюлоза алу үшін SFH-тің майлылығы төмен сорты тиімді шикізат болып табылды.

4. Алматы облысында (Бақанас елді-мекені) өсірілетін күріш қауызынан (RH) алынатын МСС-мен салыстырғанда МССК-RH, яғни, Қызылорда күріші қауызынан алынатын МСС шығымы 7,58%-ға артық болып, гидромодуль саны 1:10 г/мл-ге тең болатындығы зерттелді.

5. «Жұмсақ» органосольвенттік әдісті жетілдіру арқылы SFH-тен алынған МСС және акриламид (AAm) мономерінің 1:1 массалық қатынасында, 10, 15 және 20 мг болатын тігуші агенттің көмегімен синтезделген гидрогель ішінен суда ісіну дәрежесі - 1176% және механикалық беріктілігі 27МПа болатын MBA мәні 10 мг-ға тең МССHG₁₀ гидрогелі тиімді болатындығы белгілі болды.

6. МССhydrogel 5 күн ішінде топырақ бойындағы суға қанығып, 35 күнде сорбцияланған суды қайтадан топыраққа жібере отырып, коллапсқа ұшырайтындығы және 77 күнде гель өз көлемінің 66% жоғалта отырып, биологиялық ыдырауға ұшырайтындығы зерттелді.

7. «Жұмсақ» органосольвенттік әдісті жетілдіру арқылы SFH-тен алынған МСС-дан құмырсқа қышқылдық (FA) гидролиздеу әдісі арқылы целлюлоза наноталшығы синтезделіп, МСС:FA үшін тиімді гидромодуль сәйкесінше 1:20 г/мл тең болып, CNF-ның шығымы 71,09%, Zeta-потенциалының мәні -15,8 мВ-ке тең болатындығы белгілі болды.

8. «Жұмсақ» органосольвенттік әдісті жетілдіру арқылы SFH-тен алынған МСС-дан күкірт қышқылдық гидролиздеу әдісі арқылы целлюлоза нанокристалы синтезделіп, CNC-ның шығымы 35,6%, Zeta-потенциалының мәні -23,6 мВ-ке тең болатындығы анықталды.

9. «Жұмсақ» органосольвенттік әдісті жетілдіру арқылы SFH-тен алынған МСС-ны қышқылдық гидролиздеу әдісі арқылы алынған CNC және CNF негізіндегі гидрогельдердің мыстың модельді ерітіндісінен 51,5% және 48,4% Cu^{2+} ионын сорбциялай алатындығы зерттелді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ КӨЗДЕРІ

1. Roohallah Saberi Riseh, Mozghan Gholizadeh Vazvani, Mohadeseh Hassanisaadi, Vijay Kumar Thakur, Agricultural wastes: A practical and potential source for the isolation and preparation of cellulose and application in agriculture and different industries, Industrial Crops and Products, Volume 208, 2024, 117904, <https://doi.org/10.1016/j.indcrop.2023.117904>
